

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі
кәсіби бағдарлау қызметі**

Әдістемелік ұсынымдар

**Профориентационная деятельность
в системе дополнительного образования детей**

Методические рекомендации

Астана, 2015

«Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі кәсіби бағдарлау қызметі» (әдістемелік ұсынымдар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2015., - 170 бет.

Методические рекомендации «Профориентационная деятельность в системе дополнительного образования детей» (методические рекомендации) – «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования – г.Астана, 2015 год – 170 стр.

«Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі кәсіби бағдарлау қызметі» әдістемелік ұсынымдары қосымша білім беру жүйесіндегі бағыттар бойынша оқушыларды кәсіби бағдарлау әдістерін қамтиды. Оқушылардың кәсіби бағдарлануын, оның түрлері мен әдістерін ұйымдастыру бойынша қосымша білім беру педагогінің қызметі анықталған. Кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүргізу әдістемесі мемлекетіміздің әртүрлі өңірлеріндегі білім беру ұйымдары тәжірибесін зерделеу негізінде құрылады.

Әдістемелік ұсынымда қарым-қатынас құру әдістері мен нысандары, оқушыларды кәсіби бағдарлауға бағытталған іс-шаралар, кәсіби бағдарлауды ақпараттық қолдау әдістері көрсетілген. Әдістемелік ұсынымдар басшыларға, әдіскерлерге, балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған.

Методические рекомендации "Профориентационная деятельность в системе дополнительного образования детей" содержат методики профессиональной ориентации школьников в условиях системы дополнительного образования. Перечень методик проведения профориентационной работы составляется на основе изучения опыта работы организаций образования различных регионов страны.

В методических рекомендациях отражены формы и методы взаимодействия, мероприятия, ориентированные на профориентацию школьников, методы информационного сопровождения профориентации. Методические рекомендации адресованы руководителям, методистам, педагогам организаций образования, реализующих программы дополнительного образования детей.

*ҚР БЖҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2015 жылғы 25 маусымдағы № 3 хаттама)*

*Рекомендовано к печати Методическим советом
Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования
(Протокол № 3 от 25 июня 2015 года)*

*© Республиканский учебно-методический центр
дополнительного образования, 2015 г.*

Мазмұны

Кіріспе	5
1. Қосымша білім беру жүйесін қалыптастыру жағдайында оқушыларды кәсіби бағдарлау	8
2. Оқушыларды кәсіби бағдарлауды ұйымдастыру бойынша қосымша білім беру педагогінің қызметі. Қосымша білім беру педагогі және оның қызметінің сипаттамасы	11
3. Кәсіби бағдарлау бойынша сұхбат: «Қаптағы мысық, немесе кәсіп таңдаудағы әдеттегі қателіктер»	17
4. "Қалай табысты болуға болады?" тренинг-ойын	22
5. Жалпы орта немесе қосымша білім беру ұйымдарында кәсіби бағдарлау орталығын құру	28
6. Профессиограмманы әзірлеу және қолдану	34
7. "Мен - мамандық әлемінде" жасөспірімдер үшін тренинг	39
8. Қорытынды	58
9. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесінен (Степногорск қ. А.С. Пушкин ат. №3 КМЛ педагог-психологы М.А. Савкинаның жұмыс тәжірибесінен)	59
10. "Мен және менің мамандығым" "Мамандыққа қадамдар" таңдау курстары	59
11. "Мамандық таңдау" балаларға қосымша білім берудің оқыту бағдарламасы	63
12. «Кәсіби өзін өзі анықтау» қосымша білім берудің түрлендірілген оқыту бағдарламасы	72
13. Мектептегі кәсіби өзін өзі анықтау (Солтүстік Қазақстан облысының Красноярск негізгі мектебінің директоры О.В. Михайлованың тәжірибесінен)	78
14. Мектептегі кәсіби өзін өзі анықтау (Павлодар қ. «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» жұмыс тәжірибесінен)	80
15. Балаларға қосымша білім беру жүйесінде сырттай оқытуды ұйымдастыру	83
16. Әдебиеттер тізімі	86

Содержание

Введение	88
1. Профессиональная ориентация школьников в условиях функционирования системы дополнительного образования	91
2. Деятельность педагога дополнительного образования по организации профессиональной ориентации школьников. Педагог дополнительного образования и характеристика его деятельности	94
3. Беседа по профориентации: «Кот в мешке, или Типичные ошибки при выборе профессии»	100
4. Тренинг-игра «Как стать успешным»	106
5. Создание профориентационного центра в организации общего среднего или дополнительного образования	111
6. Разработка и использование профессиограмм	118
7. «Я в мире профессий». Тренинг для подростков	123
8. Заключение	143
9. Из опыта работы организаций, реализующих программы дополнительного образования детей (из опыта работы педагога- психолога МШЛ №3 им А.С.Пушкина г.Степногорск М.А.Савкиной)	145
10. Курсы по выбору « Я и моя профессия». «Шаги к профессии»	145
11. Образовательная программа дополнительного образования детей «ВЫБОР ПРОФЕССИИ»	157
12. Образовательная модифицированная программа дополнительного образования детей «Профессиональное самоопределение»	160
13. Профессиональное самоопределение в школе (из опыта работы директора Красноярской основной школы Северо-Казахстанской области О.В.Михайловой)	165
14. Профессиональное самоопределение в школе (из опыта работы Детско-юношеского центра экологии и туризма г.Павлодар)	168
15. Организация дистанционного обучения в системе дополнительного образования детей	170
16. Список литературы	173

Кіріспе

Мамандық таңдау мәселесі жоғары сынып оқушыларының алдында әрдайым маңызды болады, ал қазіргі уақытта бұл мәселе біздің қоғамымызда болып жатқан өзгерістерге байланысты өте өзекті болуда.

Заманауи экономикалық және саяси жағдай адамның жеке психофизиологиялық ерекшеліктеріне өте жоғары талаптар қоюға мәжбүрлейді. Нарықтық қатынас еңбек мақсаттары мен сипаттарын түбегейлі өзгертеді: оның қарқындылығы өседі, шиеленісі күшейеді, жауапкершілікті, төзімділікті және жоғары кәсіби шеберлікті талап етеді.

Көптеген жаңа кәсіптер туралы оқушыларда ақпарат жоқ, оған қоса дәстүрлі кәсіптер де елеулі өзгерістерге ұшырады. Адамға кәсіптің қажеттілігі және оның жеке ерекшеліктері, еңбек нарығының сұранымы сияқты факторларды ескере отырып, кәсіби таңдау жасау, мамандықты табысты игеру, еңбек қызметіне үйлесімді кіру, маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудағы маңызды шарты, сонымен бірге оның отбасының амандығы болып табылады.

Қосымша білім саласы ел алдындағы экономикалық жауапкершіліктегі өзінің үлесін сезінуі керек. Кәсіби бағдарлау жұмысы оқушылар келешегінің қажеттілігі, экономикалық жүйемен білім жүйесін байланыстыратындықтан қосымша білім жүйесінің қызметінде маңызды орынға ие. Қоғамның саулығы үшін, қосымша білімнің әрбір түлегі өз қызығушылықтарына, икемділігіне толықтай қолданулар мүмкіндігін алуы, өз еңбегінен терең қанағат алуда және барынша көп пайда әкелетіндей қоғамдық өндіріс жүйесінде өз орнын іздеуде күшін, уақытын (қаражатын да) жоғалтпауы керек.

Білімнің барлық сатыларын қамтитын кәсіби бағдардың кешенді жүйесін құруды қосатын, қосымша білімде сапалы жаңа білім үлгілерін әзірлеу қажеттілігі туындады.

Дұрыс таңдалған кәсіп адамдың икемділігі мен қызығушылығына сәйкес келеді, қабілеттілігімен толықтай үйлесімде болады. Тек осындай жағдайда ғана мамандық қанағат пен қуаныш алып келеді.

Білім алушылар кәсіптер туралы жан-жақты ақпараттарға, кәсіпті таңдау кезеңінде білікті кеңеске, кәсіптік қалыптасу барысында көмек пен қолдауға мұқтаж болды. Дәл осы жұмысты қосымша білім педагогтері ұйымдастыра алады.



Қазіргі өндірістік кадрлардың кәсіби дайындық деңгейіне деген бұрынғыға қарағанда тағы да талаптарының көбірек өсу кезеңі, білім алушылар басым бөлігінің кәсіби ойлары көбінесе белгілі кәсіби кадрлардың елдің экономикалық қажеттіліктеріне сәйкес келмейтіндіктен, оқушыларды кәсіби бағдарлау мәселелерін өзектендіреді.

Мамандық таңдауға дайындық тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуының ажырамас бөлігі болғандықтан маңызды болып табылады, оны жекеше түрде және тұлғаның физикалық, эстетикалық, саяси және зияткерлі, еңбекті, адамгершілік қатынасын, яғни оқыту-тәрбиелеу процесінің барлық жүйесімен қарастыру керек. Оқушыларды кәсіби бағдарлау бойынша жұмысты жалпы білім беру мекемелерінен басқа қосымша білім беру ұйымдары жүргізеді. Олар сонымен қатар өз оқушыларына кәсіп таңдауда көмек көрсету мәселесін шешеді.

Қойылған міндеттерді табысты іске асыру үшін осы білім ұйымдарында оқыту процесінің ерекшеліктерін, балалардың жеке-тұлғалық ерекшеліктерін, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын өзгертетін, қосымша білім беру ұйымының өзгешелігін есепке алатын, білім алушыларды кәсіби бағдарлау процесін ұйымдастыруға ғылыми негізделген қадам қажет.

Қосымша білім беру ұйымдарындағы оқыту процесі тұлғалық-бағдарлау сипатта болады. Осылайша қосымша білім беру ұйымдарында балаларды кәсіби бағдарлау концепциясын әзірлеуде жеке бас ықпалын іске асыру мәселесін өзектендіреді.

Ғалымдар заманауи педагогикалық ғылым және білім беру тәжірибесі алдында балаларды кәсіби бағдарлау саласында жаңа міндеттерді анықтайды. Ғылыми әдебиетті талдау келесі қайшылықтарды көрсетті:

- осы процестің жаңа теориялық-әдістемелік негіздерінің әлсіз өңделуі және кәсіпті саналы түрде таңдауға балаларды үлкен әлеуметтік және жеке бастық мәнділігінде дайындау арасында;

- қосымша білім беру ұйымдарындағы балаларды кәсіби бағдарлау теориясында осындай ықпалдың өңделуінің жеткіліксіздігі және еңбек нарығы мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін, табиғи қабілеттілігін, олардың жеке, тұлғалық ерекшеліктерін есептеумен балаларды кәсіби бағдарлау процесіндегі кәсіпқойлық өзі шешім қабылдауындағы ықпалдандырудың нақты қажеттілігі;

- Білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына себепкер жеке тұлғаға бағдарланған технологияларды қолдану қажеттілігі және балаларға қосымша білім беру процесінде оларды қолдануға педагогтердің жеткіліксіз дайындығы.

Көрсетілген қайшылықтар негізінде мәселелер мынадай түрде қалыптастырылған әдістемелік ұсынымдар тақырыбы анықталған.

Қосымша білім берудің заманауи педагогінің қызметі еңбек нарығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, оның қажеттілігі мен мүмкіншілігін есепке ала отырып, жұмысбастылықтың қолайлы түрін таңдауда және кәсіби өзін өзі анықтауында адамға көмек көрсетудің арнайы шараларының кешенін өткізу, сонымен қатар табиғи дарынын қолдау мен дамыту, өскелең ұрпақтың кәсіпқойлы қалыптасуы туралы қоғамды қамқорлау түрінде көрсететін дұрыс кәсіби бағдарды қамтамасыз ету үшін, мақсатына жетуге ықпал ететін жұмыстың түрлері және әдістерін игеруі, жаңа интерактивті әдістер, ақпараттық технологияларға негізделуі керек.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтердің кәсіби бағдарлау жұмысын жүйелі ұйымдастыру, кәсіби бағдарлау жұмысының жаңа түрі мен мазмұнын іздеу, сонымен қатар кешенді жүйе құру және оны міндетті ведомствоаралық негізде ұйымдастыру.

Қосымша білім беру жүйесін қалыптастыру жағдайында оқушыларды кәсіби бағдарлау

Кәсіби бағдарлау – бұл тұлғалық ерекшеліктерді есепке ала отырып, әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы еңбек нарығында мектеп оқушыларына кәсіби өзін өзі анықтауына және жұмысқа орналасуына көмек көрсетуге бағытталған ғылыми негізделген іс-шаралар жүйесі.

Балаларға қосымша білім беру – көпқырлы тұлға тәрбиелеудегі, оның біліміндегі, ерте кәсіби бағдарлануындағы маңызды бөлім. Балаларға қосымша білім беру саласы алуан түрлі, түрлі бағдарланған, көп вариативті.

Балаларға қосымша білім берудің құндылығы жалпы білім берудің вариативті құрамдас бөлігін күшейтеді және балаларға кәсіби өзін өзі анықтауына көмектеседі, базалық құрамда алынған білімдерін, күштерін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Балаларға қосымша білім беру балалық шағын толыққанды өткізу үшін балаға жағдай жасайды. Егер бала әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешіп, өзін өзі жүзеге асырып, тіпті қызметтің кәсіби өрісіне шығып, толыққанды өмір сүрсе, онда оның есейген шағында қатесіз таңдау жасауына, үлкен нәтижелерге жетуіне көптеген мүмкіндігі болады.

Балаларға қосымша білім берудің негізгі мазмұны – тәжірибеге бағдарланған қызмет: мұнда бала іздеу жағдайында өзі әрекет етеді, мәдени ескерткіштермен, табиғатпен, еңбек нысандарымен және т.б. өзара әрекеттен білім алады; балаға қоршаған ортадан өзі білім алуы керек кезінде жағдайлар жасалады. Балаларға қосымша білім беру – бірыңғай шығармашылық жағдайы, себебі балаға өз жолын табуға түрткі болады.

Бала қосымша білім беру саласында өмірдің ең маңызды мәнін ұғынады – өмірдің мағынасын және болу мүмкіндігін іздейді. Және де әрбір жаңа балаларға қосымша білім беру ұйымдарының ашылуы балалардың амандығы кеңістігін ұлғайтады. Қазіргі заманның балаларына енді бала тұлғасының қалыптасуына мектеп монополиясы жайлы түсініктер өзгергенін түсіндірудің қажеттігі жоқ; балаларға қосымша білім беру ұйымдарының беделі өсуде, олардың білім алу әлеуеті кеңеюде; «ыңғайсыз» (қалыпсыз)



балалар өздеріне жаңа орындар табуда.

Жеке тұлғаға бағдарлау негізінде қосымша білім беру ұйымдарында балаларды кәсіби бағдарлаудың табыстылығы келесі педагогикалық шарттар арқылы қамтамасыз етіледі:

Табиғи және мәдени сәйкестілік, пәнаралық байланыстар, жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар қағидаттарын есепке алу және жүзеге асыру.

Белгіленген шарттарды сақтау тәрбиеленушілерге жеке қорларын дамыту мен қалыптасуда, табуда көмек көрсететін, олардың табысты кәсіби өзін өзі анықтауын қамтамасыз ететін; келешектегі кәсіпті саналы түрде таңдауға дайындығын дамыту үшін нақты тұлғаның, елдің, өңірдің сыртқы мәдени жағдайларын; тәрбиеленушілердің жыныстық және жас ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін жүзеге асыру мен есепке алу жолымен кәсіби бағдарлаудың табыстылығын қамтамасыз етеді.

Оқушыларды кәсіби бағдарлау жұмысы қосымша білім беру ұйымы жағдайында ақпараттық-ағарту, диагностикалық, кеңес беру және оқыту бағыттары бойынша жүргізіледі.

Ақпараттық-ағарту бағыты. Бұл бағытты іске асыра отырып, қосымша білім беру ұйымдары нақты-үгіттік нысанда мамандықтар әлемін ұсынады, осы немесе басқа кәсіптің түрлі тараптары бойынша дәрістер топтамасын дайындайды. Олар оқушылардың көңілін тақырыптық көрмелерге аударады, психологиялық және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, олардың сұранымдары бойынша қажетті әдебиетті таңдайды, арнайы қор бөлімін қалыптастырумен шұғылданады.



Бұл бағыттың мақсаты – балаларда кәсіптің негізгі тұрпатының барынша айқын және нақты кейпін құру. Бұл келешекте ең саналы және байыпты таңдау жасауға көмектеседі.

Диагностикалық бағыт. Бұл бағыт екі жоспарда жүзеге асырылады: өзін-өзі тану, баланың белгілі кәсіптің мәнмәтінінде өзінің жеке қасиеттерін зерделеуі; кәсіптік таңдауда ескерілетін осы немесе басқа да кәсіптік маңызды сапалар және басқа да ресурстарды білдірудің деңгейін анықтау, өз мүмкіндіктерін бағалау.

Бұл бағытты дамытуда қосымша білім беру ұйымдарына қандайда бір кәсіптік маңызды қасиеттерді дамыту деңгейін анықтауға көмектесетін, әртүрлі сауалнама және сынақтамалар жиынтығын қолдану пайдалы болушы еді. Олар бойынша сынақтаманы сауатты

өткізуді және білікті ұсынымды тек қана маман жасай алады, бірақ оқушы өзін-өзі тану мақсатында қандай да бір сауалнаманы толтырса, ешқандай зияны болмайды.

Егер материалдық-техникалық базаның мүмкіндігі болса, онда мүмкін болар кәсіби жолды анықтау үшін көптеген компьютерлі бағдарламалардың біреуін орнатуға болады.

Кеңес беру бағыты оптантты (мамандық таңдау қажеттілігі алдында тұрған адам) таңдауда көмек көрсетуді тұспалдайды. Бұл көмек көрсету адамның мотивін, оның қызығушылықтарын, бейімділігін, жеке тұлғалық мәселелері мен дүниетаным ерекшеліктерін есепке ала отырып негізделеді. Ол өзіне диагностикалық немесе ақпараттық қырларды енгізуі мүмкін, бірақ енгізбеуі де мүмкін.

Қосымша білім беру ұйымы кеңес беру бағыты шеңберінде балаға тек өзі қызығатын мамандық бойынша материалдарды ұсынуы мүмкін: профессиограммасын, еңбек нарығында талап етілетін кәсіптер туралы айтылатын мерзімді басылымдар және сол кәсіп бойынша дайындайтын білім беру ұйымдары туралы мәліметтер.

Оқыту (немесе қалыптастыру). Бұл бағыттың арнасында бала икемділіктері бар нақты қызмет жасаушы ретінде қабылданады: мамандықтар әлемін талдау; мамандық таңдау жағдайындағы өзінің мүмкіндіктері мен шектеулерін талдау; кәсіби өзін-өзі іске асыру жолдарын іздеу және жұмыс іздеу стратегиясын білу. Яғни, арнайы ұйымдастырылған дәрістерде қосымша білім беру педагогі балалар құзыретін жалпы әлеуметтік құзырет ретінде кәсіп таңдау саласында үйретеді. Бұл бағыт шеңберінде қосымша білім беру педагогі кәсіби өзін өзі анықтау саласында балалардың жеке тұлғасын белсендіруге бағытталған арнайы тұлғаға бағдарланған дәрістер өткізуі, сонымен қатар оқушылардың психологиялық ерекшеліктері туралы білімді есепке ала отырып жұмыс құруы мүмкін.

Қосымша білім беру ұйымы қызметіндегі балаларды кәсіби бағдарлау саласындағы негізгі бағыттар:

мамандықтар нарығының маңызы және келешегімен танысу;

кәсіби біліктіктің өсуінің мүмкіндігі, адамға ұсынылатын кәсіби талаптар, оларды игеру нысандары және жағдайлары;

экономиканың білікті кадрларға мұқтаждығын, еңбек нарығындағы жағдайлар туралы балаларды ақпараттандыру, кәсіби графикалық материалдар тарату;

заманауи өндіріс түрлерімен танысу;

балаларды кәсіптік бағдарлау, оларда кәсіпке деген қызығушылығын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу;

кәсіптік, өндірістік және әлеуметтік бейімделу бойынша шаралар іске асыру болып табылады.

**Оқушыларды кәсіби бағдарлауды ұйымдастыру бойынша
қосымша білім беру педагогінің қызметі.**

**Қосымша білім беру педагогі және оның қызметінің
сипаттамасы**

Қосымша білім беру педагогі – әр түрлі бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларын тікелей жүзеге асырушы ең маңызды мамандардың бірі. Ол оқушылардың қабілеттері мен дарындарын, оның ішінде көркемөнер, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану және т.б. әрекеттерін дамытумен шұғылданады. Ол шығармашылық бірлестіктер құрамын жинақтайды, оқыту бағдарламаларын жүзеге асыруға, оқушылар контингентін сақтауға көмектеседі, тиянақты нысандар, әдістер, әрекет мазмұнын таңдауды қамтамасыз ете отырып, балалармен нақты шығармашылық бірлестікте тікелей оқыту әрекеттерін жүргізеді. Авторлық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады, олардың сапалы іске асырылуына жауапты болады.

Қосымша білім беру педагогы балалардың алуан-түрлі шығармашылық әрекеттерін дамыту маманы болып табылады. Ол өз қызметі шеңберінде білім алушылардың шығармашылық ерекшеліктерін анықтайды, оларды дамытуға көмектеседі, дарынды және талантты балаларды қолдайды, ата-аналарға кеңестік көмек көрсетеді.

Қазіргі уақытта қосымша білім беру педагогінің кәсіби бағдарлау жұмысының жүйесіне **келесі бағыттар бойынша** қызметтер енгізіледі.




Оқушыларды кәсіби бағдарлау саласындағы қосымша білім беру педагогі:

- профессиографиялық материалдарды дайындауға қатысады;
- кәсіби бағдарлау кабинеттерін жабдықтауға қатысады;
- қала және өңірлік еңбек нарығындағы жағдай туралы, тұтас алғанда еңбек нарығында сұранымға ие кәсіптер және оларды облыс және өңірлік оқыту мекемелерінде, оның ішінде мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі органдарының бағыты бойынша алу мүмкіндігі туралы ата-аналар және мұғалімдер, жалпы білім беру мектептерінің түлектері мен жоғары сынып оқушыларын кәсіби ақпараттандыруды жүзеге асырады;

- балаларға топтық және жеке кәсіби кеңес беруді жүргізеді;
- білім органдарымен, жастар қоғамдық бірлестіктері және ұйымдарымен бірлесе бұқаралық және тақырыптық кәсіби бағдарлау шараларын өткізуге қатысады;
- кәсіби бағдарлаудың мамандандырылған кабинеттерін құрады және білім ұйымдарында олардың жұмысын ұйымдастырады.

Кәсіби кеңес беру бойынша қосымша білім беру педагогының жұмысын үш кезеңге бөлуге болады:



Қосымша білім беру педагогінің балаларға кәсіби кеңес беру кезеңдерінің әрқайсысы түрлі сипатқа ие.

Бірінші кезеңде мамандық таңдауға дайындық тұлғаның жағымды қасиеттері мен өзін-өзі бағалауын дамытусыз мүмкін емес. Сонымен бірге, кәсіби кеңес беру ең алдымен дамыту сипатына ие. Егер балада әлдеқашан оның икемділіктеріне жауап беретін қызығушылықтар қалыптасқан болса, онда қосымша білім беру педагогінің міндеті оны әрекетке бағыттау болып табылады.

Екінші кезеңде кәсіби бағдарлау ұсынымдамалық сипатқа ие және мынадай негізгі міндеттерді шешеді: таңдалған кәсіп талаптарына денсаулықтың сәйкестігі, сол кәсіпті игеруге тұлғаның психологиялық дайындығы, еңбектің мазмұны мен сипаты, арнайы білім алу мүмкіндігі, кәсіби дайындығы және жұмысқа орналасуы туралы анықтамалық ақпарат. Осы міндеттерге сәйкес кәсіби кеңес берудің үш кезеңі болады: психологиялық-педагогикалық, медициналық және анықтамалық.

Психологиялық-педагогикалық кеңес жүргізу үшін қосымша білім беру педагогтері балалардың алдын-ала жеке тұлғалық кәсіби диагностикалық мәліметтерін қолданады. Медициналық кәсіби кеңес беруді адамға кәсіп талап ететін өзінің денсаулығы мен талаптары жағдайынан шыға, жасөспірімге өз бетінен дұрыс кәсіп таңдауына мүмкіндік беру үшін алдын ала өткізеді. Бұл жұмыс дәрігердің және басқа да медициналық қызметкерлердің қатысуымен жүзеге асады.

Кәсіби кеңес берудің үшінші кезеңі баланың тікелей жұмысқа немесе кәсіби оқу мекемесіне түсуімен байланысты. Оны тағы да қалыптастырушы деп атауға болады, өйткені бұл кезеңдегі негізгі

міндет - жас адамның кәсіби таңдауында бекемделуіне көмектесу. Қосымша білім беру педагогінің көмегімен жас адамдар оқу мекемесінде үйренуге дайындалуда өз қызметтерінің келешектегі жағдайларымен танысады немесе тікелей жұмысқа тұруға көмектеседі.

Қосымша білім беру педагогінің кәсіби бағдарлау міндеттерін шешуде қолданатын нысандары мен әдістері

Қосымша білім беру педагогінің кәсіби ағарту, оның ішінде кәсіби насихаттау және ізінен кәсіби үгіттеу бойынша жұмысын жоспарлау алдын ала кәсіби диагностикамен сәйкес келеді. Тек осындай тәсілдің негізінде балалармен мамандық таңдауға саналы қатынасты қалыптастыруға бағытталған тиісті жұмыс жүргізуге болады. Осыған байланысты, кәсіби ағарту - белсенді процесс, балалардың тікелей сол процесске қатысып ақпарат алуын талап ететін осындай жұмыс әдістеріне көбірек сүйену керек.

Қосымша білім беру педагогінің кәсіби ағарту бойынша жұмысы жағымды нәтижелерге ие болуы үшін ол үлкен педагогикалық ептілікпен және әдіспен өткізілуі керек. Ел және қоғамға қажеттілігі бар кәсіптерге бағдарлай отырып, қосымша білім беру педагогі осы кәсіпке деген қызығушылығын жоғалтуға алып келетіндіктен, қысымнан алшақ болуы керек. Кәсіби ағарту бойынша жұмыста қосымша білім беру педагогінің басшылыққа алатын басты қағидаты - өмірмен байланыс. Осыған байланысты, қосымша білім беру педагогінің осы саладағы жұмысының негізгі бағыттарын атауға болады:

кәсіби ағартушылық балаларда ел, салалар, кәсіпорындар, кәсіптер туралы толық көпжоспарлы көзқарасты қалыптастыруды көздейді;

кәсіби ағарту бойынша жұмыс жүргізу барысында жалпы білім беру және кәсіби оқыту орындарының бар екенін, қалыптасқан еңбек дәстүрлерін, осы экономикалық ауданның түрлі салаларын дамытудағы бағыттарын есепке алу қажет;

балаларды кәсіби ағарту нақты кәсіптерге шынайы қажеттіліктеріне негізделуі керек;

мамандық әлемімен таныстыруды жастардың ерекшеліктері мен икемділіктері, кәсіби қызығушылықтарымен және жас адамдардың осы ерекшеліктерінің даму серпінділігімен тығыз байланыстыру керек. Кәсіби ағарту бойынша жұмыстың мазмұны балалардың жасы, жынысы бойынша құрамын есепке алуы керек.

Қосымша білім беру педагогінің кәсіби ағарту жұмысында сұхбат маңызды орынға ие. Оларды қандай да бір кәсіппен, ұқсас кәсіби топтармен, адам үшін оны дұрыс таңдау мәнділігі мәселелерімен танысуға арнауға болады. Сонымен бірге сұхбат тақырыбы оқушылардың жас ерекшеліктеріне жауап беруі және балаларды қызықтыратын бір топ мәселелерді қамтуы керек.

Сұхбат барысында балалардың кәсіптермен танысу жоспары

1. Мамандық туралы жалпы мәліметтер:

- осы кәсіпке байланысты, негізгі мамандар, кәсіпті дамыту үдерісі мен қысқаша тарихи очерк, кәсіп қолданылатын ұйым және кәсіптің қысқаша сипаттамасы

2. Кәсіптің өндірістік мәні:

- ғылыми-техникалық үдерістегі кәсіптің рөлі мен орны, оның келешегі; еңбек өнімі және қаражаты, мәні; еңбек әрекетінің (қызметі) сипаты мен мазмұны; еңбекті механизациялау және автоматтандыр у көлемі; моралды қасиеттері, осы кәсіп маманының жалпы және арнайы білімі мен білігі; басқа мамандықтармен байланысы (өзара қатынас)

3. Жұмыс шарты және адамға кәсіптің талабы:

- еңбектің санитарлық-гигиеналық шарты; денсаулық және жасына талап; жақсы жұмысшының ерекше қасиеттері, адамның психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне арнайы талаптар, жауапкершілік деңгейі, қиыншылық мінезі, шығармашылық элементтері; арнайы шарттар: жұмысшының өмір салтына, оның тұрмысына кәсіптің әсері; экономикалық шарттар: еңбекті ұйымдастыру, төлем жүйесі, демалыс

4. Кәсіпке дайындық жүйесі:

- кәсіпті игеру жолдары, курстар, колледждер, ЖОО; кәсіби дайындықтың еңбек әрекеті және оқумен байланысы; осы кәсіп бойынша бастапқы білім, білікті, дағдылар, кәсіби білімдердің көлемі мен деңгейі; кәсіби өсудің келешегі; кәсіппен танысуды қайда жалғастыруға болады

Мұндай сұхбаттарды қосымша білім беру педагогі кәсіби бағдарлау орталықтарында, жалпы білім беру мектептерінде, қосымша білім беру ұйымдарында өткізе алады.

Қосымша білім беру педагогінің кәсіби бағдарлау көмегінің негізгі ұйымдастыру нұсқалары.

1. Қосымша білім беру ұйымы кездесулер, ойындар, саяхат түрінде оқыту дәрістерін өзі өткізеді.

2. Қосымша білім беру педагогі нақты мектепте жұмыс істейді және тек сол мектептің оқушыларымен жұмыс жүргізеді.

3. Қосымша білім беру педагогінің нақты мектепте негізгі базасы (кабинет) болады, бірақ бірнеше жақын мектептерге қызмет жүргізеді.

4. Сырттай кәсіби бағдарлау көмегі, мысалы, хат жазысу арқылы (жеткіншек пошта арқылы сауалнаманың бланкісін қабылдайды, өз жауаптарын жолдайды, содан соң оған нәтижелері мен ұсынымдар жолданады). Қазіргі уақытта компьютерлік техниканың енгізілуіне байланысты (көбінесе «Ғаламтор» жүйесі) кең келешегі ашылуда.

5. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көмек (арнайы хабарлар

топтамасы, мерзімді басылымдардағы айдарлар...).

Әрине ең жақсы нұсқаны бөліп алуға болмайды, себебі барлығы нақты жағдайларға тәуелді. Дұрысы түрлі нұсқаларды бірін-бірі толықтыру және қоса атқаруға ұмтылу. Дәл осы жағдайда кәсіби бағдарлау жұмысының жүйелілігі туралы айтуға болады.

Қосымша білім беру педагогінің кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыруды әрқайсысының өз міндеттері, құралдары мен әдістері бар үш кезеңге бөлуге болады.

Кәсіби бағдарлаудың бірінші кезеңіне 4-6 сынып оқушыларымен жұмыс жатады. Бұл кезеңнің міндеттері – балалардың қызығушылықтары мен икемділіктерін, алғашқы кәсіби ниеттерін анықтау; кәсіби өмірлік жолын таңдаған жағдайда адамгершілік, саналы және еңбек сипатының негіздерін тәрбиелеу болып табылады. Бұл міндеттерді шешу үшін түрлі институттар мен кәсіпорындарға экскурсия жүргізу; мамандық таңдау жөніндегі телехабарларды талқылау; мамандық таңдаудың маңыздылығы және т.б. туралы сұхбат жүргізу ұсынылады. 4-6 сынып оқушыларымен кәсіби бағдарлау бойынша үлгі жұмыс жоспары оқушының жеке тұлғасын зерттеу; мамандық таңдау және т.б. тақырыптарға сұхбат өткізуін енгізуі мүмкін.

Балалармен кәсіби бағдарлау бойынша жұмыстың екінші кезеңі келесі міндеттерді шешеді: өз қабілетін іздеуге көмек көрсету; келешектегі кәсібімен терең танысуында оқушыларға көмек беру; өзін-өзі дұрыс бағалауы, кәсіби идеалын қалыптастыру. Бұл жеке сұхбаттар, «Сирек ұшырасатын кәсіптер» тұсаукесері, мектеп түлектерімен кездесу; таңдаған кәсібі бойынша сайттарды қарау және т.б. өткізумен жеткізіледі. 7-8 сынып балаларымен кәсіби бағдарлау бойынша үлгілік жұмыс жоспары олардың жеке басын, қызығушылықтары мен қабілеттерін, сонымен қатар нақты әрекетке икемділігін үйренуді қарастырады.

Үшінші кезең (9-10-11 сыныптар) – бұл мектеп оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау кезеңі. Бұл кезеңде келесі міндеттер шешіледі: таңдаған кәсібі бойынша тәжірибелік әрекетін ұйымдастыру; икемділігі мен қабілетін тексеру және оларды әрі қарай дамыту; тұрақты кәсіби қызығушылығын қалыптастыру; қажетті кәсіби ептіліктерді қалыптастыру бойынша балаларды өз бетінше жұмыс істеуге ынталандыру; жеке кәсіби құндылықтарды қалыптастыру.

9-11 сыныптар үшін үлгі жұмыс жоспарына келесі нысандар мен әдістерді енгізуді ұсынамыз: жеке сұхбаттар; назарын кәсіптің тек жақсы тараптарына ғана емес, оның қиыншылықтарына да акценттеумен кеңестер; «Кәсіп әлемінің алуан түрлілігі» мамандықтар фестивалі, «Кәсіпке суреттеме» компьютерлік тұсаукесерлер байқауы, «Мамандықтар әлемінде» тренингті дәрістер, профессиограмма әдісі

«Мамандықтар анатомиясы», Үздік кәсіби бағдарлау жобасы, болашақ кәсіпқой – оқушылардың үздік портфолиосы байқауы.

Кәсіби бағдарлау бойынша сұхбат: «Қаптағы мысық, немесе кәсіп таңдаудағы әдеттегі қателіктер»

Мақсаты: түлектердің кәсіп таңдау кезінде жасайтын қателіктерімен оқушыларды таныстыру және өз өмірлерінде қателіктер жасамауға көмектесу.

Мамандық туралы толық ақпаратсыз кәсіп таңдау

Әрі қарай білім алу жоспары немесе жұмысқа орналасу туралы ойлайтын жастардың көпшілігі, мамандықтардың қандай болатыны және оның өкілдері немен айналысатыны туралы өте аз біледі. Нәтижесінде балалар қаптағы мысық таңдау жағдайында қалады.

Мамандықтың немесе басқа кәсіптің сізге тура келетінін талдай келе, дұрысы бірінші кезекте оның өкілдерінің әдеттегі жұмыс күні қалай болатыны, олар нақты қандай әрекетке қанша уақыт бөлетіні туралы ақпаратты табу керек. Маңыздысы кәсіптің атауында емес, ал нақты және қандай жағдайларда жұмыс істеу керектігінде.

Мынадай мәселелерді де ойлау өте маңызды. Мамандық адамның бейімділіктеріне қандай талаптар қояды және оны меңгеру үшін қандай деңгейдегі дайындық қажет, ол мамандықты қайдан алуға болады, мамандықта карьералық өсу келешегін береді ме және олар нақты немен байланысты, ол кәсіп еңбек нарығында талап етіледі ме.

Тек мәртебелі және/немесе табысты сияқты белгілерге бейімделу

Мәртебелі кәсіпті өздігінен табыс көзі ретінде қарастыру көп таралған қателік болып табылады – бұл адам осы мамандық иесі болғандықтан, ақша өзінен өзі келеді деп ойлаудан келеді. Бұл жерде келесіні түсіну керек.

Біріншіден, еңбекақы кәсіп үшін емес қызмет атқарғаны, яғни қайсыбір ұйымның нақты қызметтерін орындағаны үшін төленеді. Әрине, түрлі саладағы қызметтің табыс деңгейінің әлеуеті әр түрлі, бірақ мұнда ең алдымен мәселе мамандықта емес, адамның жұмыс орнында, оның мәртебесінде, шеберлік деңгейінде, еңбек нарығындағы ұсыныс пен сұраныс балансында.

Екіншіден, мәртебелі деп саналатын мамандықтар шынында міндетті түрде табысты бола бермейді. Өйткені бұл мамандықпен айналысқысы келетін адамдар қажеттілікке қарағанда көбірек болады.

Мысалы, соңғы жылдарда білікті жұмысшылардың орташа табыс деңгейі заңгерлер мен экономистерге қарағанда жоғары, дегенмен бұл мамандарды оқытуға конкурстарды салыстырыңыз...

Бұдан басқа «мәртебелі» деген түсініктің өзі аса біркелкі: ол қарым-қатынас өрісіне тәуелді (мәртебелі ретінде еңбек түрінің әрқайсысы түрлі адамдардың көзіне әр түрлі болып көрінеді) және уақытқа қатысты едәуір тез өзгереді.

Оқыту пәнімен мамандық арасына теңдік белгісін қою.

Мектеп оқушыларының, тіпті студенттердің кең таралған қателіктері «әдебиет ұнайды, демек әдебиетші боламын» қағидаты бойынша талқылап, қандай да бір кәсіби сала және оқыту пәні арасына теңдік белгісін қою болып табылады.

Бірақ бұл қандай мамандық деп сұрауға рұқсат етіңіз? Көркемөнер әдебиетінің авторы ма? Әрине, негізінде осындай нұсқа да болуы мүмкін, бірақ әңгіме басқа да көптеген кәсіби әрекеттер туралы болуда. Редактор, корректор, тіл және әдебиет оқытушысы, аудармашы, филология саласындағы ғылыми қызметкер болуы мүмкін.

Бұлардың барлығы әртүрлі мамандықтар, және олардың өкілдерінің әрекеттері оқушылардың әдебиет сабағында орындайтын қызметке ұқсамайды.

Бұл талқылау басқа да оқыту сабақтарына қатысты. Олар мамандықты емес, ал негізін меңгеру керек болатын, оның ішінде кәсіби қалыптасу үшін белгіленген білім саласын ұсынады.

Нақты мамандық иесіне - адамға деген қатынасты кәсіпке аудару.

Егер бізге нақты бір адам ұнаса немесе ұнамаса, ол еш уақытта оның мамандығының сипаты болып табылмайды және бізге онымен шұғылдану керектігін айғақтамайды. «Жақсы адам» - ол кәсіп емес. Әрине оған ұқсағың келеді, бірақ ол жеке тұлғаның қадір-қасиеті мен еңбекке деген жалпы қатынасына қатысты, ал нақты әрекеттің түріне қабілеттілікті ауыстырмайды.

Ал егер, керісінше, бізге қандай да жағымсыз, өзінен бездіретін біреу кезіксе? Кейде бұл жағдай оның кәсібінен де алшақтатуы мүмкін: «Оған ұқсағым келмейді». Бірақ, келісіңіз, дәл сол жағдайда тура қарама-қайшы шешім болуы мүмкін: «Мен ол сияқты емес, керісінше, осы кәсіптің жақсы өкілі боламын»!

Демек, кімге қалай еліктеу, сонымен қатар кәсіби таңдаудағы жауапкершілікті шешу бәрібір өзімізге байланысты.

Кәсіпті «біреумен бірге» таңдау.

Шын мәнінде, бұл ұстанымның арқасында жеке жауапкершіліктен кетіп, шешім қабылдау тұр. Бірақ кейде, мұндай таңдау табысты болуы мүмкін – өйткені серіктестікте көбінесе қабілеттіліктері мен қызығушылықтары айтарлықтай деңгейде сәйкес

келетін адамдар жиналады. Алайда, бұл саналы және ойлы шешімнің нәтижесі емес, нағыз сәттілік-сәтсіздік элементі.

Мамандық таңдауда білім алу деңгейі немесе оны алу орнын таңдаумен ауыстыру.

Адам алдымен немен шұғылданғысы келетінін шешіп, ал сосын нақты кәсіпті алудағы мүмкін нұсқаларды қарастыратын жағдайда, тек қандай мамандық бойынша екені маңызды емес жай жоғары білім алу немесе нақты бір жерде оқу тілегі болмаса, бұл өте орынды ұстаным.

Егер талапкер нақты мамандықты меңгергісі келіп, басында нақты оқуға түскісі келген жерге түсе алмаса, кәсіпке деген қалауын сақтап, оны алудың басқа тәсілдерін іздеген қонымды. Мысалы, келешекте ЖОО-да оқуды жалғастыру мүмкіндігі бар екенін ескере отырып, жоғары білім емес арнайы орта білім алуға баруына болады. Бұл беделді университет болса да, өзіңе ұнамайтын мамандыққа түскеннен жақсы.

Өзінің қабілеттері мен қызығушылықтарын ескермеу.

Немен айналысу ұнаса және қолынан қандай әрекет жақсы келсе, соны өзінің кәсібі еткен абзал. Әрине, бұл қарабайыр болып естіледі, алайда ғажаптығы көбінесе көзден таса қалады.

Кейде адамдар мұны маңызды емес деп есептейді (кез келгенін жұмысты істеймін, тек жақсы төлесе болғаны дегендей). Алайда адам оның жеке ерекшеліктеріне жауап бермейтін немесе оған жай ұнамайтынымен шұғылданатын жұмыста жоғары нәтижелерге жете алмайды. Одан басқа, ақшаға айырбасталған уақыты мен күштерін «өмірінен алып тастайды», ондай адам өзін бақытты сезінуі екіталай.

Мұндай қателіктің тағы бір себебі – өзінің қабілеттері мен қызығушылықтарын білмеу. Өзін қандай да бір жұмыста байқап көрмей, ол жұмыс ұнайды ма және бұл жұмыс қолынан жақсы келеді ме, оны айту қиын. Әрине, тиісті білім алмай тұрып жеке тәжірибесінде жұмысты байқап көру мүмкін емес.

Бірақ мұндай жағдайда оған жанама белгілер бойынша икемдігі туралы жорамалдауға болады: нақты салаға қызығушылығы, сондай мамандардың қызметі туралы ақпаратты белсенді алу ықыласы, ол мәліметтерді түсіну және есте сақтау жеңілдігі.

Кәсіп таңдау мәселесінде құзыретті емес адамдардың пікірлеріне құлақ салу.

Көптеген біздің отандастарымыз кеңес беруді, оның ішінде «кім болам» мәселесіне қатысты ақыл айтуды жақсы көреді. Дегенмен, кәсіби өзін өзі анықтау сияқты маңызды салада негізделген ұсыныстарды тек бірнеше жағдайлар сәйкес келгенде ғана беруге мүмкін.

Бұл айтылып жатқан мамандықтың ерекшеліктерін, сонымен қатар, еңбек нарығындағы жағдайларды білу; таңдаушының жеке-

психологиялық ерекшеліктерін білу; кәсіби өзін өзі анықтау кезеңдерінде пайда болатын психологиялық мәселелердің мәнісін түсіну.

Бұл туралы не арнайы дайындығы бар кәсіпқой (психолог, жұмыспен қамту қызметінің қызметкері), не болмаса сізді жақсы білетін және өз тәжірибесінде белгілі кәсіптер топтамасымен таныс адам дәлірек талқылайтыны түсінікті.

Мамандық таңдау кезіндегі қателіктер.

1. Кәсіпті беделді адамдардың кеңестері негізінде таңдау.

Сіздің әкеңіз, анаңыз, туыстарыңыз, әрине, олардың пікірлерінше, барлық жақсылықтарды тілейді. Олар Сізді және Сіздің отбасыңызды әрдайым азықтандыратын мамандықты таңдауыңызға көмектесуге дайын. Дегенмен, жақын адамдар өздерінің жеке тәжірибесіне негізделе отырып, кеңес береді. Ал сен басқа уақытта тәрбиеленген және өмір сүретін мүлде басқа адамсың.

2. Алыс келешектегі еңбек нарығының өзгеруін есепке алу.

Қызметтің кез келген саласында адам біліктілігінің өсуіне қарай қызметтердің, жұмыстардың ауысуы болады. Сонымен бірге, кім бастапқы сатылардан жақсы өткен болса, сол барынша табысқа жетеді. Еңбек нарығындағы жағдайларды талдаңыз. Жыл сайын барынша жаңа кәсіптер пайда болып жатқанына көңіл аударыңыз.

Әрдайым біліктілікті арттырып отыруға, аралас кәсіптерді меңгеруге үнемі дайын болыңыз. Сіздің қазіргі, 11 сыныптағы таңдауыңыз, Сіздің тағдырыңызды анықтайтынынан қорықпаңыз. Бағытты өзгерту, жаңа қызмет саласын меңгеру Сізді кәсіп түйісінде қажетті, бағалы маман етеді. Бірінші кәсіп, тіпті Сіз кейін айнып және қандай да бір тартымдылауын тапсаңыз, ол кездейсоқ жағдайларда қажетіңізге жарайды. Мысалы, бірінші экономикалық білімі заңгерге (өзінің екінші білімі) кәсіпорынның қиын қаражат әрекетіндегі мәселелерді шешуге көмектеседі.



3. Кәсіптің мәртебесі.

Ырымшылдық қарапайым өмірлік іс- әрекетке кедергі болуы мүмкін. Қоғамдағы кейбір маңызды кәсіп (мысалы: қабыршы) әдепсіз, қасиетсіз жұмыс деп санайды.

Басқа мысал. Адамдарға темір ұстасы немесе социологқа қарағанда экономист немесе инженердің пайдасы аздау. Одан басқа кәсіптің беделдігі Сіздің қызығушылық пен ерекшеліктеріңіз есепке алынған болса жақсы.

Әйтпесе Сізді қанағаттандырмайтын, бірақ «сәнді» мамандыққа ие (егер болсаңыз) боласыз. Немесе, негізгі жұмыс қызметтерін

орындауға жарамай қаласыз. «Сәнді» атақ Сізбен зәрлі әзіл ойнағысы келіп, еңбек нарығында тәжірибесіз маман керек болмай қалуы мүмкін: мысалы – кризиске қарсы басқарушы.

4. Достардың таңдауының әсерімен мамандық таңдау

Біз кәсіпті киім және аяқ киім таңдағандай, өзіміздің «талғамымыз» және «мөлшерімізге» қарап таңдаймыз. Топ сезімі, қатарларына қарау – жоғары сынып жасындағы балалардың өте позитивті ерекшеліктері. Олар қоғамда өзін өзі ұстау нормаларын игеру, «Мен» образын және өзін бағалауын қалыптастыру үшін керек. Сондықтан да басқаларға қараған кезде сол немесе басқа обрызын жай көшірмелемей, өзіңізді достарыңызбен салыстырыңыз.

Достарыңыздан қандай айырмашылығыңыз және қандай ұқсастығыңыз бар екенін көруге тырысыңыз. Бұл белгілі жағдайларда шешім қабылдауға көмектеседі. Мысалы, егер Сіздің досыңыз әскери оқу орнына барса (ал ол – тәуекелшіл адам) – онда Сізге мұны істеудің қажеттігі болмайды – кәсіп ұнамай қалуы мүмкін (Өйткені Сіз өте сақ және парасатты адамсыз).

5. Белгілі бір мамандық иесіне қатынасты сол кәсіпке ауыстыру.

Маман таңдаған кезде ең алдымен Сізге сол жұмыспен шұғылданатын адам ұнайтын немесе ұнамайтынына қарап емес, кәсіптің ерекшеліктерін есепке алу керек.

Әсіресе оқытушының әсемдігі қауіпті. Егер Сізді әдебиетшінің шыншылдығы сүйсіндіретін болса – ол Сізге «жинақтамадан» тыс әдебиет өздігінен ұнайды деген сөз емес. Одан басқа, балалар көбінесе пір тұтатын адамының – тележүргізуші, саясаткер, журналист, әртіс кәсібін меңгеруге тырысып қателік жасайды.

6. Кәсіптің тек қандай да бір сыртқы немесе ішкі тараптарына қызығу.

Сахнадағы әртістің бейнені жеңіл орындауының ар жағында күнделікті қиын еңбек тұрады. Ал журналистер әрдайым телехабарларда сөз сөйлемейді – басқа біреу дауыстайтын (телевизия дикторы) 10 минуттық хабарламаны дайындау үшін олар көптеген адамдармен әңгімелеседі, мұрағат, сайттардағы бұқаралық ақпараттарды іздейді.

7. Мамандықты мектептегі оқыту пәнімен байланыстыру немесе осы түсініктерді айыра алмау.

Нұсқалардың біреуін қарастырайық. Шет ел тілдері деген сияқты пән бар, ал тілге қабілетті қажет ететін кәсіптер көп – аудармашы, экскурсия жетекшісі, халықаралық байланыс телефоншысы және т.б. Сондықтан кәсіп таңдау кезінде бұл пәннің арқасында қандай нақты мамандық тұрғанын есепке алу керек.

Ол үшін тек қана профессиограмма жасап немесе сөздік үйреніп

қоя салмай, еңбек нарығындағы бос орындарды талдаған жақсы болады. Сұранымда негізінде нақты маман, қызмет үшін қандай білім қажет екені көрсетіледі. Мысалы, лингвистикалық білімі бар адам (мектептегі «орыс тілі және әдебиеті», «шет ел тілі») оқытушы, редактор, аудармашы және хатшы-референт болып та жұмыс істей береді.

Сонымен бірге мектеп пәндеріне қарағанда мамандықтар көп екенін де есепке алу керек. Заңгер, маркетинг, аппаратшы болуға болады, онда әлеуметтік тәртіп және математика, әдебиет және тарихты, не болмаса математика мен физика сияқты базалық білімді білу керек болады. Таңдаған кәсібіңізге Сізге қызықты және ережеге сай осы мамандыққа ЖОО-на түсу емтихандарын тапсыру керек болатын бірнеше мектеп пәндері сәйкес келуі мүмкін. Айталық, болашақ инженерге мектепте сызу мен математика бірдей ұнауы мүмкін.

8. Мамандық таңдау барысында маңызы бар өзінің физикалық ерекшеліктерін, кемшіліктерін білмеу/бағаламау.

Сіздің денсаулығыңызға кері әсерін тигізетіндей Сізге жақпауы мүмкін мамандықтар бар.

Мұндай мамандықтар көп емес және оларға, негізінен, ағзаның физиологиялық жүйесіне ұзақ уақыт ауырлық түсетіндер жатады. Компьютершілердің көздеріне, ал ұшқыштардың жүрегіне көп күш түседі.

9. Еңбек сипаты туралы ескірген пікірлер.

Осы күнде өте өзекті динамикалық техникалық прогресс туралы ұмытпаңыз. Мамандықтарда, оның ішінде жұмысшы кәсіптерде бүгінгі күні қиын және қызықты техника енгізілуде, еңбек мәдениеті де артуда. Компьютер әрекеттің барлық салаларында, тіпті мал шаруашылығына дейін қолданылады. Сондықтан да әрбір адам өз қызметі саласында заманауи техниканы қолдануға дайын болуы керек. Бұл маңызды мәселелерді шешу үшін тағы да маңызды міндеттердің бірі.

"Қалай табысты болуға болады?" тренинг-ойын

Кіріспе сөз. Білім беру жүйесінің негізгі міндеті білім алушыларды заманауи қоғамда өмір мен еңбекке дайындау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде олардың әлеуметтануы және әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайлар жасау, жоғары сынып оқушыларына өзін-өзі анықтауына, олардың икемділіктерін, мүмкіншіліктері мен қабілеттеріне сәйкес өмірлік жолын таңдауда, түлектерді білімін жалғастыруға ынталандыруға дайындау болып табылады.

Көпшілік мектеп оқушыларының таңдауы кездейсоқ болып табылады, қиялшыл сипатқа ие, шынайы қабілеттіліктері мен мүмкіндіктеріне мүлде сәйкес келмейді. Мектеп бағдарламасы балаларға адамдар, оның қабілеттері туралы толық білім бермейді, яғни кәсіп таңдауға үйретпейді және оған сай білім бермейді. Түлектердің еңбек нарығы және сұранымға ие кәсіптер туралы, оларды алу мүмкіндігі бар білімнің түрлері туралы құралдары жеткіліксіз.

Мектеп оқушылары өмірлік жоспар құру үшін қажетті білімдерге ие емес. Оларда қоршаған әлеуметтік әлемнің толықтай ғылыми суреттемесі жоқ, ол туралы білімі жеткіліксіз және қарапайым. Көптеген оқушыларда өзін өзі әрі қарай дамыту қажеттілігі қалыптастырылмаған, сапалы кәсіби білім алу үшін күш салуға тұрақты уәждемесі жоқ. Осының барлығы оқушылардың кәсіби және өмірлік жолын таңдау жағдайына аса назар аудару қажеттілігін анықтайды.

Көбіне болашақ студенттер ақпаратқа ие болмай тұрып, болашақ мамандығын қате таңдайды. Біреулер өз таңдауын:

- отбасындағы дәстүр;
- қаржылық тарап;
- сол кәсіптің танымалдығы;
- досым сол ЖОО-на оқуға барады, менде сонда барамын деген сияқты уәждер жасайды.

Мамандық таңдаудың тағы көптеген өлшемдерін айтуға болады, бірақ әрбір жас адамға (жас бала, қызға) мамандықтар әлемін білу қажет екенін, әрі қарай дұрыс таңдау жасау үшін онда жақсы бағдарлану керек екендігін нақты бекітіп айтуға болады.



Кәсіби бағдарлау деген не? – ол кәсіби әлемде адамның өз орнын анықтауы.

Кәсіби бағдарлаудың мақсаты – оқушыларды кәсіби қызмет таңдауды өздігінен, таразылап жасауына келтіру, кәсіби өзін өзі анықтауына психологиялық дайындықты қалыптастыру. Кәсіби бағдарлаудың мақсаттары қоғаммен, оның міндеттерімен, қажеттіліктерімен, сонымен қатар адамның өзінің қажеттіліктері және қызығушылықтарымен, оның қандай да бір қызметте өзін өзі іске асыру тілегімен айқындалған.

Тәжірибелік тапсырмалар.

1-тапсырма

Өз әлемін құру. Адамның белгілі әрекет саласындағы секторды толтыру қажет: а) адам – табиғат; б) адам – адам; в) адам – техника; г)

адам – белгілеу жүйесі; д) адам – көркемөнер образы. Әр қатысушы мамандықтар әлемін жасауға қатысуы керек.

2-тапсырма.

«Жасалған әлем» бөлімдерге бөліну. Әр командаға өз заңдары бойынша істейтін әлемнің бір бөлшегі тиеді (өзінің кішкентай әлемін таныстыру үшін дайындалуға уақыт беріледі). Тапсырманы орындау уақыты: 20-25 минут.

Тапсырмаларды жазыңыздар:

Құрылған әлемнің тиген бөлшегін суреттеңіз:

- барлық суреттерге қажетті атаулар беру;
- сипаттық ерекшеліктерін белгілеу;
- бар болса, қандай мемлекеттік құрылым екенін көрсету;
- импорт және экспорт тауарлары;
- барынша сұранысқа ие мамандықтар;



- мәдени дәстүрлер (әнұран, ту, аңыздар, ертегілер, мемлекетке кіру үшін шет ел азаматының білуі және меңгеруі керек ережелер).

3-тапсырма. «Қолтырауын».

Әрбір команда адамның кез келген қызмет саласындағы қандай да бір кәсіпті ойлайды. Әр командадан мимика және ымның көмегімен сол кәсіпті көрсететін қатысушы шығады. Осыған сәйкес басқа командалар кәсіп иесін анықтайды (әрекетте 2-3 кәсіп көрсетілгені дұрыс, кішкене сахна көрсетілімі қажет). Дайындалу уақыты: 2-3 мин.

Кәсіби өзін өзі анықтау үдерісі шығармашылық, қоғамдық, тұлғалық және адамның белгілі әрекетін кеңейту және тереңдетуге байланысты.

4-тапсырма.

Әрбір команда қазір жалғастыру керек болатындай бірдей сөз тіркестерін алады. Бұл жаттығудың мақсаты: бұл түсініктердің оңтайлы анықтамасын табу. Жалғастырыңыз:

1. Кәсіби ағартушылық – ол...
2. Кәсіби диагностика – ол...
3. Кәсіби кеңес беру – ол... (мысал)
4. Кәсіби іріктеу (таңдау) – ол...
5. Кәсіби тәрбие – ол...
6. Кәсіби бейімдеу – ол...

Жауаптар:

1. ...кәсіби ақпарат, кәсіби насихат;
2. ... тұлғаның қызығушылықтары мен қабілеттерінің әлде бір мамандыққа сәйкестігін анықтауға бағытталған;
3. ...кәсіби кеңес берушілер – мамандар тарапынан кәсіп таңдауда жеке көмек көрсетуге бағытталған;
4. ...аталған кәсіпті жақсы меңгере алатындай болып көрінген тұлғаны таңдау мақсатында жүргізіледі;
5. ...оқушыларда кәсіби парыз сезімін, абырой және қасиетті қалыптастыру;
6. ... осы кәсіпке бейімделу деңгейі.

5-тапсырма

«Өмірлік құндылықтар» («Ашық айту конверті»).

Емтихандағыдай билет алып және дауыстап оқып, жазылғанға қатысты өз пікіріңді айту керек (осы тақырып бойынша сұрақтарды алдын ала дайындап қою қажет). Мысалы: «Сен үшін өмірдің мәне неде?»; «неліктен көптеген адамдарда мансап жасау қолынан келмейді?»; Бірнеше себептерін ата және т.б.).

Мамандық таңдау – қандай үлкен маңызға ие әдеттегі сөз тіркесі болғанымен, онда қаншама эмоциялар, үрейлер, үміттер, мәселелер, сезімдер жасырылған! Өйткені ол жай ғана жас кездегі сәтті немесе сәтсіз қабылданған шешім емес, ол сәтті құрылған немесе бұзылған тағдыр, белсенді, шығармашылықты, қуанышты өмір немесе селқос, немқұрайлы өмір сүру, ақырында ол адам бақытының шарттары және маңызды құрылымдарының бірі, өзінің адамдарға қажеттілігін сезінуі.

Кім болам? Әрбір мектеп оқушысы бұл өзіне сұрақты берген, береді және беретіні анық.

6-тапсырма. «Кәсіптер тізбегі» (қалалар ойнау қағидаты бойынша.)

Мамандықтардың 5 негізгі саласы бар.

1-сала: адам – адам (кезек бойынша әр команда кәсіптің атын атайды.) Кім тоқтап қалса, сол ойыннан шығады.

7-тапсырма. Сөзжұмбақ.

Сөзжұмбақ сұрақтары.

1. Математикалық моделдерді талдау негізінде компьютерлік бағдарламалар әзірлейді.
2. Қамыр, крем, торт, кекстердің түрлерін дайындайды, рецепт бойынша шикізат дайындайды.
3. Үстелді әзірлейді, келушілерді күтіп алады, тапсырыс қабылдайды, қолданған ыдыстарды жинайды.
4. Нысандардың және адамдардың деректі және көркемөнер суретке түсірілімін жүзеге асырады.
5. Жағдайлар мен деректерді заңды дұрыс кәсіптеуші, қылмысты ашатын қызметтік тұлға.

6. Деректерді орнына келтіреді және топтайды, оларға түсініктеме іздейді, оқиғалар арасында байланыс орнатады.

7. Оқушылардың оқып білуін қалыптастырады, оқушылардың келешекте өзі шешім қабылдауына негіздер (ғылыми, дүниетаным) салады.

8. Адамның қошаған жағдайларға бейімделуіне, жеке мәселелерін шешуге көмек көрсетеді.

9. Қылмыстық (азаматтық) істерді қарастырады, соттың барлық әрекеттерін заңдастыруын қамтамасыз етеді.

Шақырылған қазылар алқасы барлық ойынның қорытындыларын шығарады.

Әрбір қосымша білім беру педагогі өз жұмысын жоспарлай білуі керек. Жоспарлау бойынша ұсынымдар:

1. Аталған жұмыстың мақсатын түсіну: берілген топпен жұмыста барынша үлкен мақсатты және барынша кіші мақсатты анықтау.

2. Жұмыстың басым бағыттары мен негізгі мәселелер тізбегін көрсету (сол топтың ерекшелігін еске ала отырып).

3. Күндер және сағаттар бойынша дәрістер кестесін құру.

4. Барлық тақырыптарды (мәселелерді) күндерге бөлу («жалпы бағытталған мәселелерден – нақтыларға» қағидаты бойынша).

5. Теориялық мәселелерді көркемдейтін түрлі тәжірибелік әдістер тізбегін жасау (олар «теорияға» қарағанда көп уақытты алғаны дұрыс).

6. Теориялық мәселелермен сәйкестендіре отырып, тәжірибелік жаттығуларды күндерге бөлу («кезектесу» қағидаты маңызды: теория - тәжірибе).

7. «Қорда» бірнеше теориялық сұрақтар мен практикалық әдістердің бар болуы.

8. Барлық курстар үшін шағын конспектілер жасау.

Кәсіби бағдарлау жұмысында ойынға маңызды рөл беріледі. Кез келген ойынның, оның ішінде кәсіби бағдарлау ойынының ерекшелігі келесідей болып табылады:

– мазмұны және жасалуы бойынша ойын әлеуметтік болады;

– ойынға қатысушылар адамдардың қарым-қатынасының қоғамдық мәні мен қызметтерін таниды және көрсетеді;

– ойын - өмірді ұйымдастыру тәсілі;

– ойын - өзіндік шығармашылық қызмет;

– ойын «сияқты еді» жағдайында болады;

– ойын – ол шабыт пен икемділікті талап ететін сезімге қанық қызмет; онда эмоциялық әсер етудің қалыптасқан құралдары анықталады, мінез-құлықтың жаңа сапалары пайда болады, эмоциялық тәжірибеге байиды және дамиды;

– ойын – үдеріске уәждеме енгізілген қызмет;

– ойынның дамытылған нысаны – қоршаған әрекеттің бейнесі

ғана емес, оның түрленуі. Сауатты өткізілген ойын ойға алған мақсаттарды, құрылымдарды, алынған ақпарат немесе тәжірибені талқылау және талдауды болжайды.

Ойын көпқырлы: ол арқылы әлеуметтік тәжірибе беріледі; онда жасөспірім қоршаған әлеммен өзара әрекет жасай отырып, өз белсендігін көрсету мүмкіндігін алады. Ойынның барынша таралған топтары олардың түрлері бойынша топталуы болып табылады.

Қызмет түрлері бойынша ойындардың топталуы

Ойындардың тобы	Ойындардың түрлері
Қатысушылардан шығармашылық және көркемөнер қабілеттерін талап ететін көркемөнер ойыны	а) музыкалық; б) әртістік; в) бейнелеу; г) әдебиеттік (лингвистикалық)
Физикалық дамытуға бағытталған спорттық ойындар	а) жергілікті жердегі ойындар; б) эстафеталар; в) әрекетті үйлестіруді, ептілікті, реакцияны жаттықтыратын ойын-жаттығулар
Түрлі білім салаларына байланысты балалардың танымдық қызметін белсендіретін және сұрақтар мен тапсырмалар енгізілген танымдық ойындар	а) викториналар, байқаулар; б) жұмбақтар, бас қатырмалар; в) ребустар, жұмбақ сөздер және т.б.
Баланың психикалық үдерістерін және ақыл-ес қабілеттерін дамытуға бағытталған интеллектуалды ойындар	Дамытатын ойындар: а) есте сақтау; б) зейін; в) байқағыштық; г) логикалық ойлау; қиял
Өзімен және қоршаған ортамен өзара қатынас әлеміне тереңдеу мүмкіндігін беретін психологиялық ойындар	Мынаған бағытталған ойындар: а) өзін өзі түйсіну, өзін өзі тану; б) сенім, бірін бірі түсіну; в) тыңдай білу; г) дауларды шешу және келісімге жету
Ұжымды құру және әрі қарай онымен жұмыс істеу барысында туған мәселелерді шешуге байланысты ұйымдастыру ойындары	Көмектесетін ойындар: а) көбасшыны анықтау; б) адамдармен танысу; в) қатысушыларды топқа бөлу, топты біріктіру
Қатысушыларға өзін шынайы немесе үлгілеу еңбек қызметінде жүзеге асыруға көмектесетін еңбек ойындары	ойындар: а) экономикалық; б) кәсіби-имитациялық

Жалпы орта немесе қосымша білім беру ұйымдарында кәсіби бағдарлау орталығын құру

Кәсіби бағдарлау жұмысын жүйелі ұйымдастыру үшін қосымша білім беру ұйымдарының немесе жалпы білім беру мектептерінің базасында кәсіби бағдарлау орталығын құруға болады. Бұл орталықтарда қосымша білім беру педагогіне маңызды рөл берілуі мүмкін. Мұнда балаларға қосымша білім беру жүйесінде кәсіби бағдарлау бағытындағы тәжірибеге бағдарланған оқыту курстары жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, элективті курстар, оқыту фирмаларының әрекеттерін ұйымдастыру, таңдау бойынша курстар және т.б.

Мұндай жағдайда кәсіби бағдарлау орталығы кәсіби салада тұлғаның дамуына көмектесетін ақпараттық-коммуникативтік кеңістік болып табылады. Мүмкіншілігіне қарай ол «кәсіби бағдарлау бұрышы» немесе арнайы кабинет, медиацентр болуы мүмкін.

Кәсіби бағдарлау жөніндегі кабинет – ол балалар және олардың ата-аналарымен кәсіби бағдарлау жұмысын өткізу және ұйымдастыру үшін, сонымен қатар балалардың түрлі кәсіптер туралы материалдармен, олардың тұлға сапасына талаптарымен өзіндік танысуы, жеке және топтық кеңестер, «Мамандық таңдау негіздері» таңдауы бойынша курстар өткізу орталығы.

Кабинет жұмысының маңызы мен ұйымдастыруы

1. Кабинетті (бұрышты) меңгеруді педагогтердің біреуіне директор тағайындайды.

2. Балалар және олардың ата-аналарымен жұмыстың негізгі бағыттары:

мамандықтар, оларды алу жолдары, жұмысқа орналасу мүмкіншіліктері, еңбек нарығында сұранымға ие кәсіпті насихаттау туралы ақпараттандыру;

балалардың кәсіби маңызды қасиеттерін кәсіби диагностиканың заманауи әдістері және құралдарын қолдану арқылы мамандардың қатысуымен зерделеу;

медицина қызметкерлері және психологтардың қатысуымен мамандық таңдау, жұмысқа орналасу мәселелері бойынша ұжымдық және жеке кеңестер;

Білім беру ұйымдарының оқушылары, студенттері және оқытушылары мен кәсіпорындардың қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру.

Кабинеттің негізгі міндеттері

Балаларды, олардың ата-аналарын кәсіби ағарту, өмірге қажетті жұмысшы кәсіптерді кеңінен насихаттауды ұйымдастыру.

Оқу мекемелерінің түрлі типтерінде кәсіп алу шарттарымен балаларды таныстыру. Элективті курстар, таңдау бойынша курстар, үйірмелер арқылы балалардың қабілеті мен ерекшеліктері, қызығушылықтарын әрі қарай дамыту үшін кәсіби пікірлерін үйренуде қосымша білім беру педагогтеріне әдістемелік көмек.

Кәсіп таңдау барысында маңызды жоғары жастағы балалардың өз қабілеттерін, жеке ерекшеліктерін (темперамент, мінез, қабілет) танып білу үдерісін ұйымдастыру.

Түлектерге кәсіп таңдауға көмек көрсету, кәсіби және өмірлік жолын таңдау жөнінде шешім қабылдауында әдістемелік көмек көрсету.

Оқушылардың өндірістік кәсіпорындарына және түрлі оқу мекемелеріне экскурсия, оқу мекемелеріне «Ашық есіктер күніне» бару, кәсіп шеберлігінің байқаулары, «Мамандықтар күндері (апталығы)», «Менің келешегім» дөңгелек үстелі, «Менің өмірлік жоспарларым» іскерлік-ұйымдастыру ойындарын жиі өткізу.

Балаларының мамандық таңдауында басшылықта ата-аналарға кеңестік көмек көрсету. Ата-аналар үшін жеке және топтық анықтамалық-ақпараттық кеңестер өткізу.

Балаларға мамандық таңдауға ықпал ету мақсатында ата-аналарға, басқа тұлғаларға педагогикалық және психологиялық ағарту.

Кабинетті жарақтандыру және жабдықтау

Кабинетте білім беру ұйымдары туралы материалдар шоғырланады (дайындық, қабылдау және оқу шарттары, оқу біткен соң бөлу және т.б. жүзеге асырылатын мамандар тізімі).

Ұйымдар туралы мәліметтер (техника, технологиялар, экономика және өндірісті ұйымдастыру, шығарылатын өнімдер, еңбек және тұрмыс шарттары туралы), осы ұйымдардың жұмысшы кәсіптерінің сипаттамасы (жұмысқа тағайындау, еңбек шарты, қызметкерге мамандықтың талаптары, кәсіби және лауазымдық өсу мүмкіндіктері).

Мамандықтар, кәсіби оқу мекемелері, кәсіпорындар мен ұйымдар туралы анықтамалық, ғылыми-танымал және басқа әдебиеттер.

Кәсіби бағдарлау мәселелері, кәсіби бағдарлау жұмысы үйірмелер жоспарының үлгілері бойынша білім органдарының әдістемелік ұсынымдары.

Оқушылар және олардың ата-аналары үшін кәсіби бағдарлау тақырыбында үлгілік сұхбаттар, дәрістер (кәсіпті дұрыс таңдаудың

маңызы, жұмысшының жеке қасиеттеріне түрлі мамандықтардың талаптары, кәсіпті алу жолдары және т.б.);

Кәсіптер туралы сұхбаттардың, жұмысшы және мамандармен – түрлі кәсіп өкілдерімен кездесудің әдістемелік ұсынымдары.

Кәсіби бағдарлау кабинетін келесі құралдармен жабдықтаған абзал:

- педагог және оқушылар үшін жиһаз;
- кабинет құжаттарын, оқушылардың жеке тұлғасын дамытуын бақылау материалдарын, оқыту құралдарын сақтау үшін жиһаздары (шкафтар, стеллаждар, қораптар, сөрелер);
- оқыту және тәрбиелеудің мультимедиалық құралдарының жинақтамасы;
- құрамына табиғи нысандар кіретін оқыту-көрнекі құралдары (негізгі кәсіпорын өнімі, түрлі мамандық өкілдерінің еңбек құралдары); үлкен макеттер мен техникалық құрылымдардың үлгілері, суреттері, сызбалар, карталары, плакаттары, кестелері, диаграммалары; аудиовизуалды құралдар (кино және видеофильмдер); кәсіби бағдарлау бойынша әдістемелік құралдар.

Кәсіби бағдарлау кабинетінің бір айға ұсынылған жұмыс кестесі

№	Іс-шаралар	Өткізу мерзімі
1.	Балалар үшін ақпараттық, анықтамалық кеңестер	Айдың 1-ші және 4-ші жұмасы
2.	Психологтың қатысуымен кәсіби кеңес	Айдың 3-ші бейсенбісі
3.	Қосымша білім беру педагогтерінің кеңесі	Айдың 1-ші және 3-ші сәрсенбісі
4.	Ата-аналар күні. Ата-аналар үшін кеңестер.	Айдың 2-ші және 4-ші сенбісі
5.	«Мамандық таңдаушыға көмек» кітапханалық күнгі жаңалықтар көрмесі	Айдың 2-ші жұмасы
6.	Қызықты кездесулер клубы	Күнтізбе бойынша
7.	Балалар және олардың ата-аналары үшін медициналық жеке кәсіби кеңестер	Айдың 2-ші дүйсенбісі
8.	Ғаламторда кәсіби бағдарлау сағаты	сейсенбі 12.00 – 13.00, 14.00 – 15.00
9.	Отбасылық кеңестер күні	Айына 1 рет

Кәсіби бағдарлау кабинетінің үлгілік жұмыс жоспары

№ п/п	Іс-шаралар атауы	Өткізу күні	Жауаптылар
1.	<p>Кәсіби бағдарлау кабинеті кеңесінің отырысы:</p> <p>1. Бір жылға жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.</p> <p>2. Кәсіби жоспарларды жүзеге асыруды талдау (түлектердің түрлі оқу мекемелеріне түсуі және жұмысқа орналасуының қорытындысы).</p> <p>3. Сауалнама материалдары бойынша балалардың кәсіби жоспарларын талдау.</p> <p>4. Кәсіби бағдарлау кабинетінің жыл ішіндегі жұмыс нәтижесі және кәсіби бағдарлау жұмысын келесі жылға жоспарлау.</p> <p>5. Балалар, олардың ата-аналары үшін кітаптар көрмесін ұйымдастыру</p>		<p>Кабинет меңгерушісі</p> <p>Кітапханашы</p>
2.	<p>Педагогтермен жұмыс.</p> <p>1. «Балалардың кәсіби ниеттерін зерделеу бойынша жұмысты ұйымдастыру» семинары.</p> <p>2. ЖОО-ға, колледждерге қабылдау жоспарымен, қызметтік кадрлардағы қажеттіліктермен педагогтердің танысуы.</p> <p>3. «Кәсіби бағдарлау жұмысының теориясы және практикасы» тақырыбында педагогтер үшін дәрістер.</p> <p>4. Кәсіби бағдарлау және кәсіби дайындық бойынша дөңгелек үстелдер өткізу</p>		<p>Кабинет меңгерушісі</p>
3.	<p>Ата-аналармен жұмыс:</p> <p>1. «Балалардың кәсіби өзін өзі анықтауында отбасының рөлі» тақырыбында дәріс.</p> <p>2. Аудан кәсіпорындарына және</p>		<p>Кабинет меңгерушісі</p>

№ п/п	Іс-шаралар атауы	Өткізу күні	Жауаптылар
	<p>қаланың оқу мекемелеріне экскурсия өткізуге ата-аналарды қатыстыру.</p> <p>3. Оқушылардың мамандық таңдау мәселелері бойынша ата-аналармен жеке кеңестер өткізу.</p> <p>4. Балалардың ата-аналармен, түрлі кәсіп өкілдерімен кездесу ұйымдастыру</p>		
4.	<p>Балалармен жұмыс:</p> <p>1. Аудан ұйымдарына экскурсия ұйымдастыру.</p> <p>2. «Мамандық әлемінің түрлілігі және сенің әуестігің» сұхбат.</p> <p>3. «Мамандықтар туралы» сайттарды қарау</p> <p>4. Түрлі кәсіптер туралы профессиографиялық видеофильмдерді қарау.</p> <p>5. «Кім болғым келеді» 9-11 сынып балаларына сауалнама.</p> <p>6. Кәсіби бағдарлау тақырыбында кездесулер, кештер, тренингтер.</p>		Қосымша білім беру педагогтері

Кәсіби бағдарлау кабинеті үшін ұсынылатын материалдар тақырыптары

1. Кәсіпорындар мен ұйымдардың даму келешегі, олардың кадрларға сұранымы.
2. Кәсіби дайындық түрлері мен нысандары, жоғары және орта арнайы оқу мекемелерінің топтары, онда оқу мерзімі, қабылдау шарттары.
3. Мектеп түлектерінің кәсіпорындар, мамандықтар бойынша бөлінгені, білім беру ұйымдарында білімін жалғастыруы туралы статистикалық мәліметтер.
4. Мектептердің ұйымдармен байланысы.
5. Жұмысшылардың еңбек мазмұнын ашатын мамандықты суреттеу.
6. Балалардың жеке тұлғасының дамуын бақылау материалдары (кәсіби ниеттері туралы сауалнама нәтижелері).
7. Қосымша білім беру ұйымдары және мектептердің еңбек ұжымдарымен, білім мекемелерімен, ата-аналармен бірлесіп, кәсіби

бағдарлау жұмысының тәжірибесін құрайтын материал. Ол материалдар кәсіби мерекелерге арналған электронды тұсаукесерлерде, видео-альбомдарда, папкаларда ұсынылуы мүмкін.

8. Балалармен кәсіби бағдарлау жұмысының әдістемелік деңгейін арттырудың тақырыптық курстары.

9. Үздік педагогтердің кәсіби бағдарлау бойынша жұмыс жоспары.

10. Сұхбаттардың тақырыптық және әдістемелік әзірлемелері.

11. Кәсіби бағдарлау бойынша тренингтік жаттығулар, интерактивті іс шаралар, кештердің әзірлемелері.

Кәсіби бағдарлау бұрышы

Бұрыштың мазмұнына келесі бөлімдер мен материалдар кіреді:

Бос лауазымдар жәрменкесі;

«Қайда оқуға баруға болады» (Оқу мекемелерінің мамандықтары туралы ақпараттар);

Бағдарламалар туралы ақпарат:

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы»;

«Дипломмен ауылға» және тағы басқа материалдар.

Анықтама. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын және Қазақстанды 2020 жылға дейін дамытудың Стратегиялық жоспарын жүзеге асыру үшін әзірленген.

Бағдарлама Қазақстан Республикасын 2010-2014 жылдары индустриалды-инновациялы дамытуды күшейту бойынша Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру тетігінің бірі болып табылады.

Бағдарлама мақсаты экономиканың шикізат емес құрылымдарында аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты және теңестірілген дамуын қамтамасыз ету, сонымен қатар қолданыстағыны сақтау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу болып табылады.

Бағдарлама бағыттары:

1. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және инфрақұрылысты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;

2. Кәсіпкерлікті дамыту және тірек ауылдарын дамыту арқылы жұмыс орындарын ашу;

3. Жұмыс берушінің қажеттіліктері шеңберінде оқыту арқылы жұмысқа орналасуға және қоныс аударуға көмектесу.

«Дипломмен ауылға» жобасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұруға келген әлеуметтік сала мамандарына келесідей әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қарастырылған:

70 АЕК мөлшерінде біржолғы көші жәрдемақысын төлеу;

1500 АЕК мөлшерінде 0,01% мөлшерінде сыйақы төлемімен, 15 жыл мерзімге тұрғын үй құру және алу үшін бюджеттік несие;

ауылдық елді мекендерде орналасқан әлеуметтік сала мекемесіндегі мамандарға қызметтік окладтан (тарифті ставка) 25 %-дан кем емес көтермелеу.

Стенд үнемі жаңартылып тұруы керек (айсайын, тоқсан сайын); мазмұны бойынша қызықты және өзекті болуы қажет.

Профессиограмманы әзірлеу және қолдану

Профессиограмма – белгілі бір мамандықпен танысу бойынша педагогтің дәрісті құру негізі.

Кәсіби бағдарлау бойынша кабинеттің алдында тұрған міндеттерді табысты шешу шарттарының маңыздысының бірі мамандықтардың профессиограммаларының болуы болып табылады.

Профессиограмма – ол адамның интеллектуалды, психологиялық, физикалық және т.б. жеке қасиеттеріне мамандық тарапынан қойылатын негізгі талаптар енгізілген кәсіптің сипаттамасы.

Барлық профессиограммалар шамамен мынадай жүйе бойынша құрылған:

- мамандық атауы;
- мамандықтың халық шаруашылығындағы маңызы мен орны;
- еңбек түрі: қол еңбегі, механикалық, автоматты;
- еңбектің мәні және өнімі;
- жұмысты орындау үшін қажетті білім, білік;
- жұмыс шарттары, жұмыс орны;
- еңбек және демалыс тәртібі;
- медициналық қарсы көрсеткіштер;
- тұлғаның жігерлік, іскерлік және тағы басқа қасиеттеріне талаптар;
- мамандықтың тұлғаға әсері: жалпы мәдени деңгейін қалыптастыруға, ойлау қабілеттерінің, мінезінің дамуына;

- мамандықты алу жолдары, білім беру ұйымдарына сипаттамалар және оларға түсу шарттары;
- кәсіби шеберліктің өсу келешегі.

Түрлі мамандықтардың профессиограммалары жинақталған арнайы топтамалар бар. Әдетте олар Е.А. Климов ұсынған типология бойынша жіктелген: адам – адам, адам – техника, адам – көркемөнер бейнесі, адам – табиғат және адам – белгі. Барынша жаңа кәсіптердің пайда болуына, еңбек нарығының тез өзгеруімен, ақпараттандыру рөлінің күшеюімен профессиограмма да үнемі өзгереді. Бұдан басқа, әлі профессиограмма құрап үлгермеген жаңа кәсіптер пайда болуда.

Үлгілі профессиограммалар

Есепші

Мамандық атауы	есепші
Ойлаудың басымдылық құралы	қосымша — реттеу
№1 базалық білім саласы және оның деңгейі	қаржылық менеджмент, есепшілік есеп, 3 деңгей, жоғары
№2 базалық білім саласы және оның деңгейі	математика және статистика, 2 деңгей, орта (білімді тәжірибеде)
Кәсіби сала	экономика
Тұлғааралық өзара іс-әрекет	«қасымда» типі бойынша жиі
Басым қызығушылық	шартты
Қосымша қызығушылық	кәсіпкерлік
Жұмыс шарттары	ғимаратта, отырып

Қызметтің басымдылық түрлері:

негізгі қаражаттарды, тауарлы-материалдық құндылықтарды, өндіріс шығыстарын есепке алу, өнімдерді іске асыруды, қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелерін есепке алу (кіріс мөлшерін анықтау), көрсетілген қызметтері үшін тапсырыс беруші және жеткізушімен есептесу және т.б.;

бухгалтерлік есептің тиісті бөлімі бойынша алғашқы құжаттарды қабылдауды және бақылауды жүзеге асыру (оларды құрастырудың заңдылығын, жазудың толықтығын, көрсетілген өлшемдердің дұрыстығын, қол қоюдың дұрыстығын тексеру) және оларды есептік өңдеуге дайындау;

қабылданған құжаттарды нақты белгілері бойынша топтау;

жалпы кәсіпорынның және құрылымдық бөлімшелердің шаруашылық қызметіне экономикалық талдау жасау және қызметі туралы ақпаратты ұсыну;

кәсіпорынның резервін және есеп беру базасында кіріс көзінің

жоғалуын анықтау;

кіріс көзінің жоғалуын және өндірістік емес шығыстарды жою;
мемлекеттік бюджетке төлемдерді есептеу және төлеу, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға жарналарды, капиталды салымды қаржыландырудың қаражатын, қызметкерлер мен жұмысшылардың жалақысын, салық және басқа да төлемдерді төлеу, сонымен қатар экономикалық ынталандыру және т.б. қорларға қаражаттарды аудару;

алдын ала бақылау қызметін жүзеге асыру (ақшаны, тауар-материалды және басқа да құнды заттарды беру және алу бойынша жұмыстар өткізудің маңыздылығы мен мақсаттылығын анықтау);

жұмыс нәтижелері бойынша айлық, тоқсандық, жылдық есептерді жасау және оларды баланстық кестеге ресімдеу;

мүлікті түгендеуге қатысу (бар материалдарды, ақша қаражаттарын, есептер мен төлем міндеттерінің есепшілік құжаттарының деректерімен салыстыру);

есеп құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету, мұрағатқа тапсыру үшін белгіленген тәртіпке сәйкес оларды ресімдеу; жұмыста заманауи компьютерлік техниканы қолдану.

Кәсіби қызметті табысты орындауды қамтамасыз ететін қасиеттер

Қабілеттер:

математикалық (есептеу) қабілеттіліктердің жоғары деңгейі;

жинақтауға, талдауға, қабылданған ақпаратты меңгеруге қабілеттілігі;

назарын жақсы шоғырлау, тұрақтау және зейінін ауыстыру (көп уақыт бойы бір затқа зейінін шоғырлай білу қабілеті, нақты бір әрекеттің түрімен шұғылдану, сонымен қатар әрекеттің бір түрінен екінші түріне тез ауыса білу қабілеті);

жақсы мнемикалық қабілеттері (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді есте сақтау қабілеті жақсы дамуы);

қызметтің біркелкі түрімен ұзақ уақыт айналысу қабілеті (құжаттармен және цифрлармен жұмысқа икемділігі);

кедергіге жоғары деңгейде қарсы тұру;

техникалық дайындығы (дербес компьютерде жұмыс істеу дағдысы).

Жеке қасиеттері, қызығушылықтары, икемділіктері:

Ынталылық, шыдамдылық;

міндеттілік;

жауапкершілік;

ұқыптылық;

эмоциялық-психикалық тұрақтылық (өзін өзі бақылау қабілеті);

табандылық;

жұмыста «тақуашылдық»;

шыншылдық;

әділдік.

Кәсіби қызметтің тиімділігіне кері әсер ететін қасиеттер:

математикалық қабілеттердің жоқтығы;

талдау қабілетінің жоқтығы;

тез шаршау;

зейінсіздік, ұмытшақтық;

цифрлармен жұмысқа қабілетінің жоқтығы;

тәртіпке бағынбаушылық;

моральды-этикалық нормалардың жоқтығы.

Кәсіби білімді қолдану салалары:

банк қызметі саласы;

қаржылық ұйымдар (салық инспекциясы, зейнетақы қоры, сақтандыру агенттіктері);

экономика және қаржы саласына жатпайтын кез келген мемлекеттік мекемелер (өнеркәсіп, ауыл шаруашылық, медицина және денсаулық сақтау, сауда саласы, көлік саласы және т.б.);

кіші және ірі бизнестің мемлекеттік емес кәсіпорындары.

Шартты және кәсіпкерлік типіндегі кейбір мамандықтар:

нотариус;

сауда агенті;

хатшы;

мұрағатшы;

кассир;

сақтандыру агенті;

экспедитор.

Маркетолог

Мамандық атауы	маркетолог
Ойлаудың басымдылық түрі	бейімделі — үйлестіру
№1 базалық білім саласы және оның деңгейі	экономика, әлеуметтану, психология, 3 деңгей, жоғары (теориялық)
№2 базалық білім саласы және оның деңгейі	математика, статистика, шет ел тілі, 2 деңгей, орта (білімді тәжірибеде қолдану)
Кәсіби сала	Қызмет көрсету саласы
Тұлғааралық өзара әрекет	«қасымда» типі бойынша жиі
Басым қызығушылық	кәсіпкерлік
Қосымша қызығушылық	әлеуметтік
Жұмыс шарттары	Ғимаратта/ғимараттан тыс, мобильді

Қызметтің басымдылық түрлері:

өнімді ілгері жылжыту және іске асыру бойынша жобалар дайындау;

тауарды ілгері жылжыту бойынша сұрақтар жүргізу (сауалнама және т.б.);

ұқсас тауарлар тобы, нарықтағы ұқсас жағдайлар туралы ақпараттар жинау;

ұқсас тауарлар шығарумен шұғылданатын фирмалар, сауда маркалары туралы коммерциялық ақпарат жинау;

ілгері жылжытатын өнімге жарнама акцияларын және тұсаукесер өткізу;

нарықта тауардың нақты имиджін қалыптастыру.

Кәсіби қызметті табысты орындауды қамтамасыз ететін қасиеттер:

Қабілеттер:

жақсы дамыған аналитикалық қабілеттер: керекті ақпаратты қабылдауды және өңдеуді, бағалауды, салыстыру және оны игеруді білу;

ұғымдық ойлаудың жоғары деңгейі;

белгісіз жағдайларда шешім қабылдай білу;

өзін өзі басқару қабілеті;

дамыған ұйымдастыру қабілеттері (мақсаттылық, батылдық, шығармашылық ықпал сияқты қасиеттері бар);

дамыған коммуникативтік қабілеттері (байланысқа кіре білу, өзара қатынасты жақсарту, ауызша және таңбалы қатынас жолдарының дамуы, кәсіби құзырлылық және т.б.).

Жеке қасиеттері, қызығушылықтары, икемділіктері:

жасампаздық;

сыншылдық;

талапшылдық;

жауапкершілік (өз әрекетінің нәтижелері үшін өзіне жауапкершілікті алу);

икеңділік (жағдайлардағы түрлі өзгерістерге икеңді әсер ету);

ұйымдастыру қызметін жоспарлау қабілеті;

тәртіпке, технологиялыққа және нормативтікке ұмтылу;

ішкі түйсігінің дамуы;

білімділік, қуаттылық;

өзіне, қабылдаған шешімдерінде сенімділік;

мақсаттылық, әрекеттілік;

тұлғалық өсуге тұрақты ұмтылу.

Кәсіби қызметтің тиімділігіне кері әсер ететін қасиеттер:

деректерді салыстыруды және талдауды білмеу;

батылсыздық, өзіне сенімсіздік;

орындайтын жұмысына қызығушылықтың жоқтығы;

ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттердің төмен деңгейде дамуы немесе жоқтығы;

өз уақытын ұйымдастыра алмау, тәртіпке бағынбау, ынтасыздық;
артта қалғандық, ойлау ебедейсіздігі;
жауапкершілікті басқаларға аудару;
ой өрісінің тарлығы;
өзін өзі басқара алмау (ашушаң, қызба);
сыртқы факторларға қарсы тұра алмау.

Кәсіби білімді қолдану салалары:

өнеркәсіп;
сауда;
құрылыс және ауыл шаруашылығы;
көлік және байланыс;
қонақ үй және мейрамхана бизнесі;
туристік компаниялар.

Тұлғаның осы типіндегі адамға сәйкес келетін кейбір мамандықтар (кәсіпкерлік және әлеуметтік):

әкімгер көмекшісі;
заңгер;
аудармашы;
жарнама агенттігінің басқарушысы;
саудадағы басқарушы.

"Мен - мамандық әлемінде" жасөспірімдер үшін тренинг

Мамандық таңдау — жасөспірім шақта қабылдау қажет болатын барынша маңызды шешім. Өкінішке орай, көптеген жасөспірімдер мамандық таңдау кезінде қызметтің әр түрінің нақты ерекшеліктері туралы жеткілікті білмейді және өзінің кәсіби қызығушылықтары мен икемділіктерін есепке алмайды.

Бұл бағдарлама жасөспірімдерге кәсіби өзін өзі анықтау мәселелерін өз тілегімен және еркін жағдайда қарастыруға мүмкіндік береді.

Тренинг барысында жастар мүмкіндіктер алады:

- өзінің жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және икемділіктерін зерделейді;
- оқу мекемелері және түрлі кәсіптер туралы толық ақпарат алады;
- кәсіп таңдау үшін ақпарат алады;
- келешек кәсіби қызметін таңдауда анықталады.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері. Кәсіп әлемі туралы ақпаратты алу және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы кәсіп таңдау жолына жауапты қатынасын қалыптастыру.

Тренинг құрылымы. Бағдарлама 9-11 сынып оқушыларына есептелген. Аптасына 1-2 рет өткізуге болатын 14 жаттығудан тұрады. Дәріс кәсіби бағдарлау ойындары және жаттығулары, теориялық блоктар, сюжетті-рөлді ойындар, сұхбаттар, диагностикалық әдістерден тұрады.

Дәрістің ұзақтығы. Ұсынылған жаттығулардың күрделілігіне және жұмыстың басқа да нақты жағдайлары қатысты шамамен 35–60 минут.

Өткізу шарттары. Топтағы балалардың тиімді саны — 10–15 адам. Оқытушыларды айналдыра отырғызып тренинг өткізу ұсынылады.

Әр жаттығудың қажетті элементі қатысушылардан «кері байланыс» алу болып табылады.

1-ЖАТТЫҒУ

1. Кіріспе сұхбат

Жүргізуші қатысушыларға тренингтің мақсаттары және міндеттері туралы айтады. Топта жұмыс істеу ережесі қабылданады.

2. Танысу

Қатысушыларға айналма бойынша өзін таныстыру және өзі туралы әңгімелеу ұсынылады.

3. «Ең-ең» ойыны

Қатысушылар 2 командаға бөлінеді. Әрбір командаға кәсіптің бірнеше ерекше сипаттамасы ұсынылған, қатысушылар сол сипаттамаға сәйкес келетін кәсіптерді атауы керек. Мысалы, сипаттама — ең ақшалы кәсіп. Қандай кәсіптер ең-ең ақшалы болып табылады?

Қатысушыларға келесідей сипаттамалар ұсынылады:

- ең жасыл кәсіп;
- ең тәтті кәсіп;
- ең ақшалы кәсіп;
- ең шашты кәсіп;
- ең балалық кәсіп;
- ең әдепсіз кәсіп;
- ең күлкілі кәсіп;
- ең сөйлескіш кәсіп;
- ең байсалды кәсіп.

Әр команда өзінің жауаптарын береді.

4. «Әріпке мамандық атауы» ойыны

Командаларға әріптер ұсынылады. Қатысушылардың міндеті — осы әріптерден басталатын кәсіптердің атауларын мүмкіндігінше көбірек жазу. Дұрысы 5 әріптен көп ұсынбау керек, әйтпесе ойын қызықты болмай қалады.

5. Кері байланыс

Қатысушылар жаттығу туралы әсерлерімен бөліседі.

2-ЖАТТЫҒУ

1. Сауалнама

Қатысушылар келесі сауалнаманы толтырады.

Сіз тренингтен нені алғанды қалар едіңіз:

- өз қабілеттеріңізді тексеру;
- оқу мекемелері туралы толық ақпарат алу;
- белгілі бір қызмет түріне өз икемділіктерін анықтау;
- мамандықтар әлемі туралы толығырақ білу;
- кәсіпті қалай дұрыс таңдау керектігі туралы ақпарат алу;
- басқасы.

2. «Менің жеке және кәсіби жоспарларым» ойыны

Әрбір қатысушы аты-жөнін жазбай, келешектегі өзінің жоспарларын жазатын парақ алады. Сосын жүргізуші парақтарды жинап алып араластырады, сосын кездейсоқ тәртіпте қайтадан таратады. Қағаздың екінші жағына қатысушылар өздерінің кәсіби жоспарлары туралы жазады. Одан кейін алынған нәтижелер дауыстап оқылады.

3. «Халың қалай?» сауалнамасы

Жасөспірімнің түрлі өмірлік құндылықтары үшін әзіл түрінде басымдылықтарды қарастыру мақсатында қолданылады.

Қатысушылар осы сауалнамаға бланк алады. Қатысушыларға сауалнамада бар тізімнен екі жұп құндылықтар ұсынылады. Оларға қайсы құндылық барынша маңызды, ал қайсысы – кем екенін анықтау. Бастапқы (10) баллға қатысушыларға аса маңызды құндылыққа 1 балл қосып, ал бастапқы баллдан ең кем құндылықтың 1 балын алып тастау керек. Әрі қарай жағымсыз белгіге ие болып, кейбір құндылықтар өз балдарын не азайтады немесе керісінше көбейтеді. Бұл қатысушылар үшін өміріндегі маңызды көрсеткіштер болып табылады.

Жүргізуші әрбір құндылық бойынша нормаларды оқиды. Қатысушылар өз көрсеткіштерімен нормаларды салыстырады.

4. Кері байланыс.

3-ЖАТТЫҒУ

1. «Түрлі кәсіптердің өкілдері қалай амандасады» ойыны

Қатысушылар жұптарға бөлінеді. Әрбір жұпқа келесі нұсқаулық оқылады: ымдар және мимиканың көмегімен түрлі кәсіптердің өкілдері қалай амандасатынын бейнелеу. Қалған қатысушылар сіз қандай кәсіпті бейнелегеніңізді табуы қажет.

Бұл жаттығуды орындау үшін қатысушыларға мамандық атауымен карточкалар таратылады.

2. Сауалнама

Барлық тренинг қатысушыларына сауалнаманы толтыру ұсынылады (2-қосымшаны қара).

3. «Құндылық бағдарлар» ойыны

Жүргізуші. Өткен дәрісте біз «Халың қалай?» сауалнамасын толтырған болатынбыз, бүгін сіздерге командада белгілі бір әлеуметтік таптаурынды ұсынатын түрлі адамдардың құндылық бағдарларын анықтауды талап етеді.

Таптаурындар және құндылық бағдарлардың тізбесін 3-қосымшадан қара.

4. Кері байланыс

4-ЖАТТЫҒУ

1. Өзін өзі бағалау және алға ұмтылу деңгейі туралы әңгіме.

2. Ұмтылу деңгейінің диагностикасы.

Шварцландердің «Қозғаушы сынақ» әдісі.

3. Өзін өзі бағалау диагностикасы.

«Менің өзімді өзім бағалауым» әдісі 4-қосымшаны қара.

4. Өзін-өзі бағалау диагностикасының нәтижелерін және алға ұмтылу деңгейін талқылау мен өңдеу.

5. Кері байланыс.

5-ЖАТТЫҒУ

1. «Кәсіп таңдаудағы қызығушылықтар мен икемділіктер» сұхбаты.

2. «Қызығушылықтар картасы» әдісі.

3. Нәтижелерді өңдеу және талқылау.

4. Кері байланыс.

6-ЖАТТЫҒУ.

1. Сұхбат.

Мамандықтар әлемі туралы біз не білеміз? Климов бойынша кәсіптерді жіктеу.

2. «Кәсіптерді типтері бойынша жіктеңіз» ойыны.

Қатысушылар 2 командаға бөлінеді. Әрбір командаға кәсіп атаулары бар карточкалар және кәсіп типтерінің атаулары жазылған карточкалар таратылады. Қатысушылардың міндеті — кәсіптерді түрлері бойынша жүктеу.

3. Климовтың «Дифференциалды диагностикалық сауалнама» әдісі.

4. Нәтижелерді өңдеу және талқылау.

5. Кері байланыс.

7-ЖАТТЫҒУ.

1. Теориялық топтама. Голландтың жеке даралық тұжырымдамасы.

2. Тұлғаның типін анықтау бойынша Голланд тесті.

3. Нәтижелерді өңдеу.

4. «Мамандық пен мектеп пәндерінің ара қатынасы» ойыны.

Қатысушылар 2 топқа бөлінеді. Командалар жүргізуші ұсынған оқу курсындағы пәндер мен мазмұны бойынша сәйкес келетін

кәсіптерді айтып және сипаттап беру керек. Кәсіп және оқу пәндерінің мазмұны арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын анықтау қажет.

5. Кері байланыс.

8-ЖАТТЫҒУ.

1. Теориялық топтама.

Кәсіп таңдау ережесі.

• Барынша көп кәсіпті зерделеу қажет, сіз тұратын өңірде қандай кәсіптер және мамандар қажет екенін анықтау.

• Өз өзіңді зерттеу маңызды (қызығушылықтар, икемділіктер, қабілеттер, темперамент, мінез келбеті, танымдық үдерістерінің ерекшеліктері, денсаулық, өзін өзі бағалау, алға ұмтылу деңгейі және т.б.).

• Барынша ұнайтын, сәйкес келетін кәсіпті таңдау керек.

• Таңдаған мамандықты толығырақ зерделеу: профессиограммамен танысу, кәсіп формуласын анықтау, мазмұнын анықтау, адамға кәсіп қоятын талаптар және еңбек шарттарын айқындау. Оны алу мүмкіндіктері мен кәсіби өсу үдерісін зерттеу.

• Таңдаған кәсібінде өз күштерін байқап көрі (оқыту-өндіріс комбинатында, қызығушылығы бойынша үйірмелерде).

• Кәсіп туралы алған білімін өз мүмкіндіктерімен салыстыру, ата-аналарымен, мұғалімдерімен, дәрігерлерімен, психологпен кеңесіп, білікті кәсіби кеңес алу.

• Өзінің кәсіби мүмкіндіктерінің таңдаған кәсіп талаптарына сәйкестігін анықтаған жағдайда мектепте немесе оқыту-өндіріс комбинатында алғашқы кәсіптік дайындық алу, кәсіби өзін өзі анықтауға дайындығын өзі бақылауды жүзеге асыру.

• Көрсетілген сәйкестік болмаған жағдайда кәсіби таңдаудың қосымша нұсқасын табу.

• Өзіне болашақ кәсіпті таңдай отырып, кәсіпті жеткілікті меңгеру және талабын жүзеге асыруда табандылық көрсету қажет.

2. «Мамандық – оқу мекемесі» жаттығу.

Қатысушылар 2 командаға бөлінеді. Жүргізуші кәсіпті атайды, ал қатысушылар ол мамандықты қандай оқу мекемелерінде, қандай курстарда және т.б. алуға болатынын айтулары керек.

3. «Кәсіп таңдауға әсерін тигізетін факторлар» жаттығуы.

Қатысушылар «ой талқылау» әдісімен кәсіп таңдауға әсерін тигізетін факторларды табады. Талқылаудан кейін жүргізуші көрсетілмеген факторларды қосуы мүмкін.

4. «Мамандық – медициналық қарсы көрсеткіштер» жаттығу.

Жүргізуші мамандықты атайды, ал командалар – сол кәсіпке медициналық қарсы көрсеткіштерді атайды.

5. Кері байланыс.

9-ЖАТТЫҒУ.

1. Теориялық топтама.

Кәсіп таңдау кезіндегі қателіктер мен қиындықтар.

- Кәсіпке өмірлік пана таңдау ретінде қарау, жоғары білікті кәсіпке бірден бағдарлану.
- Қоғам үшін маңызды кейбір кәсіптерді және жұмыстарды лайықсыз, әдепсіз деп санайтын ескішілдік.
- Достардан қалмау үшін «достармен бірге» кәсіп таңдау.
- Қандай да бір кәсіп өкіліне деген қарым-қатынасты сол кәсіпке ауыстыру.
- Кәсіптің тек сыртқы немесе бір жағына қызығу.
- Мектептегі оқу пәнін тиістіәйкес кәсіппен теңдестіру.
- Кейбір өндіріс саласындағы еңбек сипаты туралы көзқарастың ескіруі.
- Өзінің жеке қасиеттері, икемділіктері, қабілеттері, дайындығын түсінбеу.
- Кәсіп таңдау барысында өзінің физикалық ерекшеліктерін, кемшіліктерін білмеу немесе бағалай алмау.

2. «Кәсіпті тап» жаттығуы.

Жүргізуші қатысушылардың біреуін бөлмеден шығып кетуін сұрайды. Осы уақытта қалғандары кәсіпті ойластырады. Шығып кеткен адам жетелеуші сұрақтардың көмегімен шеңбердегі адамдар жасырған кәсіпті табуы керек. Бұл жаттығуды бірнеше рет қайталауға болады.

3. «Кәсіпке қажетті қасиет» жаттығуы.

Жүргізуші кәсіпті атайды, қатысушыларға сол кәсіптің өкілдерінде болу керек қажетті қасиеттерді атау ұсынылады.

4. Кері байланыс.

10-ЖАТТЫҒУ.

1. Сызбамен танысу.

Н.С. Пряжников әзірлеген кәсіптерді талдау сызбасымен танысады (5-қосымшаны қара).

2. «Кәсіпті кодпен жасыр» жаттығуы.

Қатысушылар командаға бөлінеді. Әрбір команда ұсынылған 5-қосымшадағы сызба бойынша қандай да бір кәсіпті кодпен жасыруы керек. Содан кейін командаларға қарсыластары қандай кәсіпті кодпен жасырғанын табуы керек.

3. Теориялық топтама.

Кәсіп таңдау кезінде ескеру керек:

- Тұлғаның тілектері, қызығушылықтары және икемділіктері, яғни **өзім қалаймын** сөздерімен белгілеуге болатыны.
- тұлғаның мүмкіндіктері — білімдері, қабілеттері, психологиялық ерекшеліктері, денсаулығының жағдайы — **қолымнан келеді** сөздерімен белгілеуге болатыны.
- Еңбек нарығының сұранымы, кадрларға қажеттілік — *керек*

сөзімен белгілеуге болатыны.

4. Сызба бойынша таладу.

Қатысушыларға жоғарыда көрсетілген сызба бойынша шеңбер ішінде талдау керек болатын 2-3 кәсіп ұсынылады (*қалаймын — қолымнан келеді — керек*).

5. Кері байланыс.

11-ЖАТТЫҒУ.

1. Теориялық топтама.

Профессиограмма деген не? Бұл кәсіптің адамның жеке қасиеттеріне қоятын негізгі талаптарын кіретін кәсіпті бейнелеу.

Барлық профессиограммалар шамамен мынадай сызба бойынша құрастырылған:

- кәсіп атауы;
- еңбектің түрі (қолмен, механикалық, автоматтандырылған, интеллектуалды);
- еңбектің атауы және өнімі;
- жұмысты орындау үшін қажетті білім және білік;
- жұмыс шарттары;
- медициналық қарсы көрсеткіштер;
- адамға талаптары;
- мамандық алу жолдары.

2. Жаттығу.

Әрбір қатысушыға өзіне барынша ұнамды кәсіпті таңдау және ол үшін профессиограмма құру ұсынылады.

3. Кәсіптегі ойын.

Бір қатысушы кәсіпті атайды, шеңбер бойынша келесі адам алдыңғы айтылған сөздің соңғы әрпіне сәйкес келетін кәсіпті атауы керек.

4. Кері байланыс.

12-ЖАТТЫҒУ.

Бұл жаттығу семинар түрінде өтеді. Тақырыбы: «Оқу мекемелері».

колледжде, ЖОО-да және т.б. оқу орындарында оқыту ерекшеліктерін қарастырған дұрыс. Семинарда келесі сұрақтар болуы мүмкін: күндізгі, кешкі, сырттай оқу; мемлекеттік және коммерциялық мекемелер; білім алған соң мансаптық өсі үдерісі және т.б.

13- ЖАТТЫҒУ.

1. Теориялық топтама.

«Ережелер бойынша жұмысқа тұрамыз».

Жүргізуші. Сіз мамандық таңдап және білім алып болдыңыз деп елестетіңіз. Мен қазір сіздерге жұмысқа тұру барысында қолдануға болатын бірнеше ережелер туралы айтамын. Бірінші әсер көбінесе әрі қарай өзара қатынасты анықтайтыны белгілі. Бұл әсіресе біз жұмысқа

тұратын кезде аса маңызды.

Жұмыс беруші алдымен әлеуетті қызметкердің өмірбаяны мен сауалнамасына назар аударады. Бұл үдерістің қандай ерекшеліктерін есепке алу қажет?

- Толтыруға сауалнама алған кезде 2 дана сұраңыз. Біреуі сізге черновик ретінде керек болады; сауалнаманың аяқталған нұсқасы мінсіз, қатесіз және жаңылыссыз толтырылған болуы керек.

- Толтырылмаған бірде бір графаны қалдырмаңыз. Егер жауаптардың сізге қатысы болмаса «жоқ», «болмаған», «болмады» және т.б. жауап беру керек. Бұл сіздің бірде бір сұрақты өткізіп жібермегеніңізді түсіндіреді.

- Егер кейбір сұрақтар айтқыңыз келмейтін ақпараттарға қатысты болса (мысалы, сотталған туралы), шындықты жазғаныңыз дұрыс болады. Ондай мәліметтерді тексеру оңай, оның ашылғаны сізге жағымды болмайды.

- Сауалнамадағы мамандық бойынша сіздің біліктілігіңізге қатысты, тіпті басқа саладағы да (факс, компьютер қолдана білу) бағалы ақпаратты жазып қоюға тырысыңыз.

- Егер сізді жалдаушы ұйым сауалнамаңызды оқып, сізге қызығушылық танытса, сұхбаттасуға шақырады. Оған дайындалған кезде жүріс-тұрыс стратегиясын таңдау қажет. Сұхбаттасуда сіздің сұрақтар және жауаптарыңыздың ортасында бірінші орында жалақы емес, сіз жұмысқа орналасып жатқан ұйым немесе фирма болуы керек.

Сұхбаттасу барысында:

- Алғашқы жағымды әсер қалдыруға тырысыңыз.

- Байсалдылық сақтаңыз, еркін отырыңыз.

- Анық және нық сөйлеңіз. Шаштарыңызды, әшекейлерді түрткілеменіз, қолыңызды қапсырмаңыз.

- Бұлтыртпай жауап беріңіз. Қысқа жауап бермеңіз, бірақ тым көп сөйлеменіз.

2. Түйіндеме құрастыру.

Қатысушылар келесі сызба бойынша түйіндеме құрастырады:

- ✓ А.Ж.Ә.

- ✓ Жасы.

- ✓ Білімі.

- ✓ Қалайтын бос лауазым.

- ✓ Жұмыс тәжірибесі.

- ✓ Сіздің дағдыларыңыз бен біліктеріңіз.

- ✓ Сіздің мықты және әлсіз жақтарыңыз.

3. «Жұмысқа орналасамыз» сюжетті-рөлдік ойын.

Топтан 2 еріктілер шығады. Біреуі жұмысқа орналасатын болады, екіншісі – сұхбаттасу өткізеді.

4. Кері байланыс.

14-ЖАТТЫҒУ.

Қатысушыларға келесі сауалнаманы толтыру ұсынылады.

Тренингте не ұнады?

Тренингте не ұнамады?

Сіз өзіңізді жақсы тани бастадыңыз ба?

Кәсіп таңдауда анықталдыңыз ба?

Мұндай тренингтік бағдарлама керек пе, ол кәсіп таңдауға көмектеседі ме?

Жүргізуші және қатысушылар тренинг нәтижелері туралы пікірлер алмасады.

«Халың қалай?» әдісіне әзіл сұрақтар тізбесі

Сіз үшін өмірде не маңызды?

1. Көлік («мерседес») немесе денсаулық (күш, шыдамдылық)?
2. Шет елдік достар (бай адамдар) немесе жұмысшы достар (қарапайым адамдар)?
3. Сұлулық (сүйкімділік және сәнді киім) немесе шығармашылық жұмыс (маңызды бірдене құру мүмкіндігі)?
4. Бассейні бар вилла немесе оқымысты достар (мұғалімдер, инженерлер)?
5. Автокөлік («вольво») немесе сұлулық (сүйкімділік, қымбат киімдер)?
6. Италияда демалу (сәнді қонақ үйі, валютаға толы қалта) немесе торта балықпен сыра (жай адамдармен сөйлесу)?
7. Әртіс достар (ақындар, журналистер) немесе қауіпті оқиғалар (азартқа толы өмір)?
8. Сұлулық (сүйкімділік, әдемілік) немесе құмарта сүйеу (сіз үшін өмірін беруге дайын)?
9. Құдайға сену (жан тыныштығы) немесе қауіпті оқиғалар (барлық күйзелістер, оқиғалар)?
10. Бассейні бар вилла немесе әртіс достар (богема)?

Өз таңдауыңыз бойынша кез келген жоғарыда көрсетілген 10 құндылықтардың кез келген 1-не балл қосыңыз, ал кез келген құндылықтың біреуінен 1 балл алып тастаңыз.

11. Шет елдік достар немесе сіз өзіңіз ғашықсыз ба (мәртебелі, бірақ жанның жауапсыз екпіні).
12. Жұмысшы достар (қарапайым адамдар) немесе қауіпті оқиғалар (өмір азарты)?
13. Италиядағы демалыс (сәнді қонақ үй, көп валюта) немесе сізді құмарта сүйеді (сіз үшін өмірін беруге дайын)?
14. Денсаулық (күш, шыдамдылық) немесе шығармашылық жұмыс (ғажап жаратылыс құру мүмкіндігі)?
15. Тортамен және балықпен сыра (қарапайым адамдармен сөйлесу) немесе сіз өзіңіз ғашықсыз (мәртебелі, бірақ жанның жауапсыз екпіні)?
16. Автокөлік («ситроен») немесе шығармашылық жұмыс (өз дарынын көрсету мүмкіндігі)?
17. Бассейні бар вилла немесе денсаулық?
18. Сізді құмарта сүйеді немесе сіз өзіңіз ғашықсыз?
19. Италиядағы демалыс немесе Құдайға сену (жан тыныштығы)?
20. Әртіс достар (богема) немесе жұмысшы достар (қарапайым адамдар)?

Өз таңдауыңыз бойынша кез келген жоғарыда көрсетілген 10 құндылықтардың кез келгеніне 1 балл қосыңыз, ал кез келген құндылықтың біреуінен 1 балл алып тастаңыз.

21. Шет елдік достар (ақшамен) немесе оқымысты достар (ақылды және зиялы, бірақ ақшасыз)?

22. Бассейні бар вилла (өте қымбат және жақсы) немесе торта балықпен сыра (сырлы сұхбаттар)?

23. Әртіс-достар (барлық елге танымал) немесе Құдайға сенім (жанды тазарту)?

24. Бассейні бар вилла (сәнді және бай!) немесе шығармашылық жұмыс (шындықты, сұлулықты тану мүмкіндігі)?

25. Италиядағы демалыс (ақ желкендер, қираған үйінділерге саяхат) немесе сіз өзіңіз ғашықсыз (сіздің жаныңыз қиналады және рахаттанады)?

26. Жұмысшы достар (қарапайым адамдар) немесе Құдайға сенім (күнәлардан арылту)?

27. Автокөлік («тойота») немесе оқымысты достар (қызықты, білімді адамдар)?

28. Шет елдік достар (кәсіпкерлер) немесе сұлулық (сіздің тылсым әдемілігіңіз)?

29. Денсаулық немесе торта балықпен сыра (ешқандай ойсыз)?

30. Сізді құмарта сүйеді (сіз үшін бәріне дайын) немесе Құдайға сенім (Құдайдың қатысуымен бақыт)?

Өз таңдауыңыз бойынша кез келген жоғарыда көрсетілген 10 құндылықтардың кез келгеніне 2 балл қосыңыз, ал кез келген құндылықтың біреуінен 2 балл алып тастаңыз.

31. Сіз өзіңіз ғашықсыз (жақсы көретін адамыңыз үшін бәріне дайынсыз) немесе қауіпті оқиғалар (ұмытылмас кезеңдер мен әсерлері)?

32. Автокөлік («форд») немесе жұмысшы достар (өте қарапайым, бай емес адамдар)?

33. Әртіс достар (суретшілер, ақындар) немесе сұлулық (әсемдік, сәнді киімдер, косметика)?

34. Шет елдік достар (Еуропа, Америка) немесе торта балықпен сыра (әйелдер мен жастардың құрметтеуі)?

35. Оқымысты достар (тәрбиелі және білімді) немесе Құдайға сену (тазалану және сиыну)?

36. Денсаулық немесе сізді қатты сүйеді?

37. Италияға демалыс немесе қауіпті оқиғалар?

38. Оқымысты достар немесе жұмысшы достар?

39. Шығармашылық жұмыс (өзін қандай да бір маңызды іске асыру мүмкіндігі) немесе сіз өзіңіз ғашықсыз (өзіңізді бақылаудан қаласыз, оның есесіне бақыттысыз)?

40. Бассейні бар вилла немесе сізді қатты сүйеді?

Өз таңдауыңыз бойынша кез келген жоғарыда көрсетілген 10 құндылықтардың кез келгеніне 2 балл қосыңыз, ал кез келген құндылықтың біреуінен 2 балл алып тастаңыз.

41. Әртіс достар (сәнді адамдар, «богема») немесе сіз өзіңіз ғашықсыз (сіз бақыт не екенін білдіңіз)?

42. Италиядағы демалыс (сәнді қонақ үй, көп валюта) немесе оқымысты достар (көптеген ғажайып және қызықты біледі)?

43. Шет елдік достар (өзіне қонаққа шақыруы мүмкін) немесе шығармашылық жұмыс (өз дарынын ашу мүмкіндігі)?

44. Торта балықпен сыра (қарапайым адамдармен қатынас) немесе қауіпті оқиғалар (өзін тексеру мүмкіндігі)?

45. Денсаулық (ұзақ ғұмыр) немесе сұлулық (барлығы сізге қызығады)?

Өз таңдауыңыз бойынша кез келген жоғарыда көрсетілген 10 құндылықтардың кез келгеніне 3 балл қосыңыз, ал кез келген құндылықтың біреуінен 3 балл алып тастаңыз.

Сауалнама

А.Т.Ә.

1. Туған күні.

2. Қандай кәсіпті және оқу орнын таңдадыңыз?

Кәсіп:

Оқу орны:

3. Қандай кәсіпті таңдауға кеңес береді?

Ата-аналар

Мұғалімдер

Достар

4. Сізге мектеп пәндерінің қайсысы көбірек ұнайды?

5. Бос уақытыңызда немен шұғылданғанды жақсы көресіз?

6. Кәсіптің қай саласы сізге көп ұнайды? (керегін сызу)

а) жаратылыстану-ғылыми (математика, физика, химия, биология, медицина, геология);

б) ауыл шаруашылығы;

в) қоғамдық-ғылыми (тарих, философия, экономика, құқық);

г) гуманитарлы (әдебиет, журналистика, лингвистика, педагогика, психология);

д) өнер (музыка, театр, бейнелеу, вокал);

е) нақты қызығушылықтар жоқ.

7. Қандай қосымша үйірмелерге қатысасыз?

8. Сыныптағы қандай жұмысқа белсенді қатысасыз?

9. Қандай кәсіп сізді қызықтырады? Оларды атаңыз...

10. Келесі пәндер бойынша Сіздің белгілеріңіз:

Алгебра Геометрия

Физика Әдебиет

Химия Орыс тілі

Биология Шет ел тілі

География Еңбекті оқыту

Тарих Сызу

11. Сабақты қанша уақыт орындайсыз?

12. Созылмалы ауруыңыз бар ма?

**Таптаурындар (стереотиптер) және олардың белгілі бір
құндылық бағдарларға үлгілі «қатынасы»**

әлсіз	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	күшті
көнгіш	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	қыңыр
тұйық	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	ашық
тәуелді	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	тәуелсіз
қатыгез	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	қайырымды
жасқаншақ	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	батыл
жауапсыз	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	адал
сенімсіз	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	сенімді
дербес	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	жалтақ адам
жолы ауыр	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	жолы болғыш
сүйкімсіз	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	сүйікті
ақымақ	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	ақылды
әділетсіз	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	әділ
сабырлы	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	ашуланшақ
бейберекет	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10	сәтті

4-қосымша

«Өзін өзі бағалау» әдісі

№	құндылықтар	үй шаруасындағы әйел	діншіл	маскүнөм	Шетел адамы	қылмыскер	шығармашыл тұлға	іскер адам
1	Автокөлік	+	0	0	0	+	0	+
2	Бассейні бар вилла	+	0	0	+	+	0	+
3	Италиядағы демалыс	+	0	0	+	+	0	0
4	Әртіс достар	+	-	+	+	+	+	0
5	Шетелдік достар	+	0	0	0	+	0	+
6	Оқымысты достар	0	0	-	+	0	+	+
7	Жұмысшы достар	-	+	0	-	0	0	0
8	Денсаулық	+	+	-	+	-	0	0
9	Сұлулық	+	-	-	+	0	+	0
10	Торта балық пен сыра	0	-	+	+	+	0	+
11	Шығармашылар	-	-	-	+	0	+	+
12	Сізді сүйеді	+	0	+	+	+	+	0
13	Сіз сүйесіз	-	-	-	0	0	+	-
14	Құдайға сену	+	+	-	+	-	0	-
15	Қауіпті оқиғалар	-	-	+	-	+	+	+

Мамандықтарды талдау сызбасы (кәсіптердің негізгі сипаттарының тізбесі)

Еңбектің мәні:

- 1) мал, өсімдік, (табиғат)
- 2) материалдар
- 3) адамдар (балалар, ересектер)
- 4) техника, көлік
- 5) таңбалау жүйесі (мәтіндер, компьютердегі ақпараттар)
- 6) көркемөнер бейнесі

Еңбек мақсаты:

- 1) бақылау, бағалау, диагноз
- 2) қайта жасаушы
- 3) өнертапқыштық
- 4) тасымалдау
- 5) қызмет көрсету
- 6) жеке дамуы

Еңбек құралдары:

- 1) қолдан жасалған және қарапайым құралдар
- 2) механикалық
- 3) автоматтандырылған
- 4) функционалды (сөйлеу, мимика, көру, есту)
- 5) теориялық (білім, ойлау қабілеті)
- 6) қозғалмалы және тұрақты жабдықтар

Еңбек шарттары:

- 1) тұрмыстық микроклимат
- 2) адамдар отыратын үлкен бөлмелер
- 3) қарапайым өндірістік цех
- 4) өзгеше өндірістік шарттар (ылғалдылықтың ерекше тәртіп, температура, зарарсыздық)
- 5) оқыс шарттар (денсаулық және өмір үшін қауіп)
- 6) ашық ауадағы жұмыс
- 7) отырып, тұрып, қоғалыста жұмыс істеу
- 8) үйдегі жұмыс кабинеті

Еңбектегі қарым-қатынас сипаты:

- 1) ең аз сөйлесу (жеке еңбек)
- 2) клиенттер, келушілер
- 3) қарапайым ұжым (күнделікті бір тұлғалар)
- 4) аудиториялармен жұмыс
- 5) нақтыланған тәртіп, еңбектегі қызмет бабындағы сыйластық

Еңбектегі жауапкершілік:

- 1) материалды

- 2) моральды
- 4) адамдардың өмірі және денсаулығы үшін
- 5) айтылмаған жауапкершілік

Еңбектің ерекшеліктері:

- 1) үлкен жалақы
- 2) жеңілдіктер
- 3) «азғыру» (пара алу мүмкіндігі)
- 4) сыпайы қатынас, танымал адамдармен кездесу
- 5) жиі іссапарлар
- 6) еңбектің аяқталған нәтижесі (рақаттануға болады)

Әдеттегі қиындықтар:

- 1) күйгелектену
- 2) кәсіби ауырулар
- 3) балағат және былапыт сөздер таралған
- 4) қамауға алыну мүмкіндігі
- 5) жұмыс беделінің төмендігі

Жұмыс істеу үшін білімнің ең төмен деңгейі:

- 1) арнайы білімсіз (мектептен соң)
- 2) орта кәсіби білім алу (колледж)
- 3) жоғары кәсіби білім алу (жоо)
- 4) ғылыми дәрежесі (магистратура, докторантура)

Кәсіби бағдарлау тесттері және сауалнамалар жиынтығы.

Кез келген тест және сауалнаманы қолдану арнайы дайындықты қажет етеді, бірақ баланың өзін тануы мақсатында бәрібір жиынтықты қолдануға болады.

Қосымша білім беру педагогы балаға қабілеттерін немесе қасиеттерін бағалау үшін қажетті тестті табуына көмектеседі, ал оқушы өз кезегінде өзі тесттен өтеді және түсіндіреді. Ең бастысы, тест соңында ұсынылған шешімдерді бала үкім ретінде қабылдамауы керек. Оны адам – иілгіш және икемделгіш жаратылыс екенін, сондықтан да – егер қатты қаласа – ол бәрібір ештеңеге қарамастан жақсы көретін кәсібімен шұғылдана алатынына сендіру керек.

Кәсіптер туралы кітаптар қоры және медиаресурстар, оқушыға өз жеке басының ерекшеліктері туралы, жай өзі жайлы көбірек білуге көмектесетін кеңінен таралған психологиялық әдебиеттер. Қазір жас адамның кәсіби қызығушылықтарын анықтауға бағытталған көптеген интерактивті бағдарламалар бар (мысалы, «Lifeline» және т.б.). Оларды қосымша білім беру педагогі қолдана алады, бірақ, біріншіден, ол әзірлемелерден әр бала өзінің жеке тұлғасын дамытуға қажет пайда ала алмайтынын, ал екіншіден, сапалы түсіндіру үшін бәрібір маман керек екенін түсінгені маңызды.

Мерзімді басылымдар. Әр өңірде «Жұмыс», «Бос жұмыс орны» және т.б. деп әртүрлі аталатын өздерінің арнайы мерзімді басылымдары

шығады. Нөмірі ең болмаса бір-екі ай аралығында болса да жаңа болғаны дұрыс: бос орын нарығындағы жағдай барынша тез өзгереді.

Тақырып бойынша ресурстар каталогы (немесе картотека, электронды каталогтағы айдар) жалпы каталог шеңберінде ерекшеленіп немесе бөлек болуы мүмкін.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы үлкен жастағы балалармен кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастырудың заманауи тәсілі шығармашылық, іздеу-зерттеу негізіндегі тиімді оқыту құралдарын дамыту қажеттігімен байланысты.

Бұл, ғылыми ақпаратты шығармашылық іздеу және тікелей ақпаратты-коммуникативтік технологияларды белсенді қолдану үшін оқушылардың кәсіби өзін өзі анықтауының ақпараттық негізі ретінде Ғаламтордың артықшылықтарын қолданумен, оқу үдерісін белсенді ақпараттандыру, оқушылардың АКТ-құзырлылығын арттыру қажеттігімен байланысты.

Ғаламторды қолдана отырып, кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру бойынша түрлі міндеттерді шешуге болады. Бүкіләлемдік желі кәсіби өзін өзі анықтау міндеттерін кешенді шешуге көмектеседі. Мұнда кәсіби бағдарлау тесттерінен өтуге, басым кәсіптер бойынша ұсынымдар алуға, өз қабілеттері мен жеке қасиеттерін анықтау мақсатында кәсіптердің сипаты баяндалған сайттарды зерделеуге болады. Сонымен қатар, сайттарда кәсіпқойлардың жұмыс күндері туралы түрлі мақалалар жарияланады. Оқу мекемелері, онда түсу және оқыту ерекшеліктері туралы ақпарат ұсынатын сайттар аса маңызды болып табылады.

Ғаламтор жүйесінде білім сапасы туралы пікірталастар болатын, форумдар, оқу мекемелерінің рейтингтері, олардың түлектерінің сұранымға иелігі туралы ақпараттар жеткілікті. Одан басқа, Ғаламтор қазіргі уақытта тек ақпаратты мықты емес, білім беру ресурсы болып та табылуда. Соңғы кездерде сырттай білім алу мүмкіндігі ең әйгілілікке ие болуда, қазір бұл жүйе әлдеқашан іске асырылған.

Нәтижесінде кәсіби бағдарлау қызметін орындайтын және тек осы салада жұмыс істейтін психологтар және педагогтер емес, сондай-ақ, балалар мен ата-аналар өздігінен ақпарат жинау үшін де қолданылатын Ғаламтордағы сайттарды келесі топтарға бөлуге болады.

1. Кәсіби бағдарлау мәселелеріне арналған сайттар.

2. Түрлі оқу мекемелеріне оқуға түсу мәселелері бойынша оқушылар және ата-аналар үшін түрлі ақпарат ұсынатын білім беру порталдары.

3. Білім беру ұйымына қатысты студенттер және талапкерлер үшін барлық ақпаратты ұсынатын мектептердің, колледждердің және ЖОО-ның жеке сайттары.

Оқушылардың портфолиосымен жұмыс. Оқушылардың портфолиосын жасау бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының көптеген «Назарбаев Интеллектуалды мектептерінде» мақсатты түрде жүргізіледі.

Электронды портфолио. Ғаламтор арқылы сырттай кіру мүмкіндігімен оқушылардың портфолиосын жасауға және электронды сәйкестендірудің жалпы жүйесін құруға болады.

Бұл жүйе сонымен қатар әрі қарай кәсіби бағдарлау мақсатында да қолданылады. жас адамдардың өзін өзі анықтауына көмектесу және білікті кәсіби кеңестің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін, электронды түрде жинақталған әрбір оқушының материалдары және білім беру жолын таңдау, тестілеу және сұхбаттасу нәтижелері.

Портфолио құрылымы. Портфолио төрт міндетті бөлімдерден тұратын қызметтік паканы ұсынады: «Менің суретім», «Құжаттар портфолиосы», «Жұмыстар портфолиосы», «Пікірлер портфолиосы». Оқушы өз қалауы бойынша, мысалы, «Жинақ сандықша» бөлімін енгізе алады. «Менің суретім» бөліміне мақсат, өзін өзі талдау, психологиялық диагностика нәтижелері, өмірбаян кіреді. «Құжаттар портфолиосы» бөлімі әртүрлі қызмет түрлеріндегі жеке жетістіктерін растайтын сертификатталған құжаттар (көшірмелері): қосымша білім беру мекемелерінде өткізілген байқаулар, пәндік олимпиадаларға қатысқаны үшін дипломдар және грамоталар, пәндер бойынша өткен курстары туралы сертификаттар, тестілеу нәтижелері туралы, «Менің жетістіктерім» кестесі, сынақ кітапшасы/қағазы (кәсіби, кәсіпалды мектеп) болуы мүмкін.



«Жұмыстар портфолиосы» бөліміне шығармашылық жұмыстар (жобалар, баядамалар, бейнежазбалар, үлгілер), түлектің түрлі тәжірибелерге қатысқан куәлігі, «Іс-шаралар және әлеуметтік тәжірибелерге қатысуым» кестесі енеді. «Пікірлер портфолиосы» мынадай түрде ұсынылуы мүмкін: аяқталған мәтіндер, сараптама пікір, пікірлер, қосымша білім беру ұйымдары, мектеп педагогтерінің ұсынымдама хаттары, оқушының эссесі. Жетістіктер портфолиосы келесі ұстанымдар енетін оқушының жеке білімдік есебі болып табылады:

- қорытынды аттестация нәтижесі (орташа балл);
- қосымша білім беру олимпиадаларында, байқауларда, спорт жарыстарындағы жетістіктері;
- шығармашылық жұмыстары;
- іс-шаралар және әлеуметтік тәжірибелерге қатысуы.

Қорытынды

Өткізілген жұмыстар нәтижесінде балаларды кәсіби бағдарлау саласында қосымша білім беру педагогінің қызметі қарастырылған; жұмыстың негізгі бағдарлары сипатталған; кәсіби өзін өзі танудың даму кезеңдері және кәсіби бағдарлау жұмысының ерекшеліктері көрсетілген; қосымша білім беру педагогінің балаларды кәсіби ағарту жұмысы қарастырылған; балаларға кәсіби кеңес беру талданған; кәсіби бағдарлау жұмысының негізгі ұйымдастыру қағидастары анықталған; кәсіби бағдарлау көмегінің ұйымдастыру үлгілері және бағдарламалар әзірлеу негіздері сипатталған.


Қосымша білім беру педагогінің балаларды кәсіби бағдарлаудағы рөлі мектеп, отбасы, барлық қоғам жүзеге асыратын кәсіби бағдарлаудың біртұтас көп қырлы үдерісіндегі педагогикалық ұжымның жетекші ұстанымын шарттайды. Қосымша білім беру педагогі балаларға қабілеттері мен икемділіктерін білуге көмектеседі, олардың кәсіби қызығушылықтарын дамытуды бағыттайды.

Қосымша білім беру педагогі педагогикалық жағдайларға, өзінің жеке мүмкіндіктеріне, балалардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне байланысты кәсіби бағдарлау мақсаттарына жету, жастарды кәсіп таңдауға дайындаудың кең ауқымды міндеттерін іске асыру үшін, тұлғаға әрекет ету әдістері, кешенді педагогикалық құралдар кешенін жинақтай білуі керек.

Жеке тұлғаға арналған тәсілдер негізінде кәсіби бағдарлауды ұйымдастырудың белгіленген педагогикалық шарттарын қамтамасыз ету және жүзеге асыру кәсіп таңдаудың мәнді ішкі жеке уәждемесін, өзін өзі оң бағалауды қалыптастыруға, кәсіби өзін өзі анықтауға және кәсіп таңдауға дайындыққа, кәсіби қызығушылықтарын дамытуға ықпалын тигізеді.

Сонымен қатар, кәсіби бағдарлау жұмысы белгілі кәсіп кадрына елдің сұранымдары және тұлғаның мүмкіндіктері, икемділігі, қызығушылықтарына сәйкес қоғамның еңбек қорларын тиімді бөлуге көмек көрсетеді.

Негізгі теориялық нәтижелер



Педагогикалық тәжірибе жұмыстарының нәтижелері қосымша білім беру жүйесіндегі балалармен кәсіби бағдарлау жұмысының үдерісінде қолданылған жеке тұлғаға бағдарланған технологиялардың тиімділігі туралы куәландырады.

Осыған байланысты, қосымша білім беру педагогінің кәсіби бағдарлау қызметінің тиімділігін арттыру тұрғысынан жеке тұлғаны дамытатын шығармашылық технологиялардың мүмкіндіктерін зерттеуді талап етеді.

Қосымша білім беру жүйесіндегі педагогтердің жұмысында қолдануы үшін кәсіби бағдарлау сипатындағы әдістемелік материалды әзірлеу осы бағыттағы жұмысты жақсартуға ықпалын тигізетін болады.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыс тәжірибесінен

«Мен және менің мамандығым» таңдау курстары (Степногорск қаласындағы А.С. Пушкин атындағы №3 көпсалалы мектеп-лицейінің педагог-психологі Савкина Марина Анатольевнаың жұмыс тәжірибесінен)

Өзектілігі. 16-17 жастағы 11 сыныпқа келген жас адамның басты ерекшелігі – дәл осы кезеңде оның алдында үлкен таңдау тұруы – өзін өзі анықтауы, өз болашағына қатысты шешім қабылдауы.

Әлбетте, осы жағдай ой салады, өз мүмкіндіктерін, қажеттеліктерін, талаптарын сараптайды. Бұл ойды кейінге қалдыруға уақыт жоқ.

«Мен және менің мамандығым» блогының **мақсаты** – жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік және кәсіби дайындығына көмек болып табылады.

Міндеттері:

② әлеуметтік және кәсіптік дайындық деңгейін анықтау мен түзету;

② оқушылармен дамыту жұмыстарын жүргізу;

② оқушылардың өзін өзі кәсібін анықтау үрдісін өзекті ету;

② жоғары сынып оқушыларында қалаған болашақ бейнесін, өз өмірінде бірізділік, өмірдің және уақыттың үзілместік сезімін қалыптастыру, дүниені сан түрлі мамандықтар қызметімен толтыру мен өзін осы кәсіби өмірде «орнықтыру».

Қолданылатын технологиялар: жобалау әдістемелері, социодрама әдістері, рөлдік ойындар, психологиядан теориялық ақпараттың күрделі блогы, топтық бағалау, пікірталас.

Күтілетін нәтиже.

Бағдарлама мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдауға жағдай жасауға мүмкіндік береді. «Мен және менің мамандығым» – жоғары сынып оқушыларына қадам сайын өз болашағының бейнесін қалыптастыруға, оны жүзеге асыру жолдары туралы шешім қабылдауға көмектеседі.

«Мен және менің мамандығым» арнайы курсының тақырыптық жоспары мен негізгі мазмұны (10 сынып), I жартыжылдық

<i>№</i>	<i>Сабақ тақырыбы</i>	<i>Сағат саны</i>	<i>Сабақтың мақсаты</i>	<i>Өткізілетін күні</i>
<i>I блок. «Мен өз мүмкіндіктерім туралы не білемін»</i>				
1	«Бүгін біз не үшін жиналдык» - кіріспе	1	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Балаларды арнайы курс мақсаттарымен таныстыру. ➤ Жайлы психологиялық жағдай жасау. ➤ Белсенді шығармашылық 	

			жұмысқа ынталандыруды қалыптастыру. ♣Топтық нормалар мен ережелер орнату.	
2	Өзін-өзі бағалау мен ілгері ұмтылу деңгейі	1	♣Адамның «Мен» деген өзін өзі бағалауы туралы түсінік беру. ♣Өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі саралау дағдыларын дамытуды жалғастыру. ♣Топтық жұмыс дағдыларын бекіту.	
3	Темперамент және мамандық	1	♣Темперамент пен мінез туралы теориялық түсінік қалыптастыру. ♣Өз темпераментін зерттеу. ♣Диагностикалық материалмен жұмыс дағдысын дамыту.	
4	Сезім және эмоция. Эмоциялар тесті. Жағымсыз эмоциялардың көздері	1	♣Ой аппаратын дамыту. ♣♣ Рефлексияны дамыту. ♣♣ Сезім мен эмоцияларды танып білу.	
5	Стресс дегеніміз не?	1	♣Стрестік жағдайда өзін-өзі ұстауды қалыптастыру. ♣Өзін және қоршағандарды жағымды қабылдауды қалыптастыру. ♣Конструктивті әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.	
6	Ойлау типін анықтау	1	♣Ойлау типін анықтау. ♣Ойлауды дамыту туралы ақпарат қалыптастыру.	
7	Зейін және ес	1	♣Зейін және ес дамуы туралы ақпарат	

			қалыптастыру.	
8	Ішкі еркіндік деңгейі	1	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Диагностикалық материалмен жұмыс дағдысын дамыту. 	
II блок. «Мамандықтар туралы мен не білемін»				
9	Мамандықтардың жіктелуі. Мамандықтар сипаттары	1	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Мамандықтар әлемімен байланысты теориялық түсініктерді қалыптастыру. ➤ Ақыл-ой белсенділігін жандандыру. 	
10	Мамандықтар формуласы	1	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Ақпараттық кеңістікті қалыптастыру. ➤ Рефлексия дағдыларын дамыту. ➤ Адамның жоғары деңгейді қажетсіну түрткілерін дамыту. 	
11	Болашақ мамандық типін анықтау	1	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Рефлексия дағдыларын дамыту. ➤ Кәсібін өзі анықтау қажеттілігін қалыптастыру. 	
12	Мамандық таңдауда қызығушылықтар мен бейімділік	1	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Қатысушылармен өз қызығушылықтары мен бейімділіктерін зерттеу. ➤ Қарапайым құрал-жабдықтармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. ➤ Шығармашылық ізденіс қалыпты қолдау 	
13	Тұлғаның кәсіби типі	1	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Өзінің кәсіби типін анықтау. ➤ Рефлексияны дамыту. ➤ Қарапайым құрал-жабдықтармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. ➤ Жоспарлау мен мақсат қою дағдыларын қалыптастыру. 	

14	Кәсіби маңызды қасиеттер	1	<ul style="list-style-type: none"> ▮ Тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. ▮ Өзінің жеке қасиеттері рефлексиясы. ▮ Топтық жұмыста өзін-өзі ұстау икемділігін қалыптастыру. 	
15	Сіз көшбасшысыз ба?	1	<ul style="list-style-type: none"> ▮ Белсенді өмір салтын қалыптастыру. ▮ Өзін-өзі дамытуға талпыну. 	
16	Кәсіби маман құндылықтары	1	<ul style="list-style-type: none"> ▮ Өмірлік құндылықтар рефлексиясы. ▮ Өзіндік сана деңгейін жоғарлату. ▮ Өзін-өзі дамытуға талпыну. 	
17	Мамандық пен денсаулық	1	<ul style="list-style-type: none"> ▮ Адам денсаулығы туралы теориялық түсінік қалыптастыру және денсаулық мамандық таңдауда қалай ескерілуі қажеттігі туралы. 	

«Мамандыққа қадамдар» таңдау курстары

Өзектілігі. Бүгінгі таңда әрбір үшінші жасөспірім мектеп табалдырығын қандай мамандықты таңдайтынын білмей аттап шығады. Сондықтан білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру жұмысының мағынасы жасөспірімнің өз бетімен өмірін жоспарлауға, кәсіби жоспарын және қызығушылықтарын жүзеге асыруға ішкі дайындығын қалыптастыру болып табылады.

Тұлғаның эмоциялық, әлеуметтік, психологиялық қалыптасуы мектепте жүретінін ескеріп, білім беру үдерісінде мектеп оқушыларының мамандық таңдауда психологиялық дайындығын қалыптастырудың барлық мүмкіндіктерін пайдалану керек.

«Мамандыққа қадам басу» бағдарламасы мектеп оқушыларына күрделі өтпелі кезеңде көмектесуге арналған. Ол жас ерекшелігін ескеріп жасалатын дәстүрлі емес белсенді жұмыс формасының бірі.

Мақсаты:

- 9-сынып оқушыларына тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау;
- бойжеткен мен бозбалалардың алдағы уақытта тұлға ретінде даму келешегін ашу;
- жастарға өз өмірлік жоспарын анықтауға көмектесу, соған байланысты іс-әрекет алгоритмін жасау.

Міндеттер:

- ⊗ жасөспірімдер үшін «ақпараттық кеңістік» қалыптастыру;
- ⊗ өзін-өзі тану, мақсат қою мен жоспарлау бойынша білік пен дағдыны дамыту құралдарымен қамтамасыз ету;
- ⊗ өзін-өзі дамыту, тұлғалық өсу уәждемесін қалыптастыру;
- ⊗ әрбір оқушыны психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ⊗ оқушының жеке тұлғасының даму уәждемесі;
- ⊗ мамандықты саналы түрде таңдау үшін жағдай жасау;
- ⊗ таңдау жасауға жауапкершілік сезімін ояту.

Курс бағдарламасы «қадамдар» - сабағын қарастырады, олар дәстүрлі сабақ түрінде өтеді, психология және кәсіптану негіздері бойынша қажетті теориялық ақпаратпен танысады, өзін-өзі тану мен рефлексияны белсендіретін рөлдік ойындар, жаттығулар, шешім қабылдау және дау-жанжалсыз қарым-қатынас орнатуда практикалық дағдыларын бойынша психодиагностикалық тест, тренинг түрінде өтеді. Курста бақылау, оқушылармен және олардың ата-аналарымен әңгімелесу және кеңес беру сияқты әдістер қолданылады.

Курс сабақтары аптасына 1 рет өткізіледі.

Қолданылатын технологиялар: жобалау әдістері, тренингтік жаттығулар, рөлдік және іскерлік ойындар, ақпараттандыру мен пікірталас.

Күтілетін нәтиже. Курс аяқталған соң оқушылар:

- өз қабілеттерімен мүмкіндіктерін білуге;
- мамандық таңдаудағы негізгі ережелерді білуге;
- кәсіби бағыт-бағдар беру мәселесі бойынша негізгі түсініктерді меңгеруге;
- тұлғаның негізгі жеке психологиялық ерекшеліктері, диагностикалау әдістері туралы түсінігі болуы;
- жүйке жүйесі, ойлау, ес, зейін ерекшеліктерімен таныс болуы тиіс.

Оқушылар:

- ✚ өз мүмкіндіктерін әділ бағалап, оны мамандық таңдауға сәйкестендіруге;
- ✚ мамандықтар әлемін біліп, мамандыққа қойылатын талаптарды өз қызығушылықтарымен, қабілеттерімен, икемділіктерімен байланыстыруға;
- ✚ жеке кәсіби жоспар жасап, өз таңдауын дәлелдей білуі тиіс.

**«Мамандыққа қадам басу» арнайы курсының
тақырыптық жоспары және негізгі мазмұны (9 сынып)**

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Сабақтың мақсаты	Өткізілетін күні
1-2	Бағдарлы	2	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Оқушылардың кәсіби ниеттері туралы қажетті ақпарат алу; ➤ Кәсіби бағдарлау сабақтарында өзін-өзі дамытуға қатысушыларды бейімдеу 	
3-4	Танысыңыз, бұл – біз!	2	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Психологиялық тренинг ережелерімен таныстыру; ➤ Тренингтік топтағы өзара қарым-қатынас жолдарын қозғау; ➤ Қоштасу салтын жасау. 	
5-6	Мамандықтардың жіктелуі	2	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Мамандықтар әлемімен байланысты теориялық түсініктерді қалыптастыру; ➤ Ақыл-ой белсенділігін жандандыру. 	
7-8	Таңдау мен модельдеу	2	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Рефлексия дағдыларын дамыту; ➤ Кәсібін өзі анықтау қажеттілігін қалыптастыру. 	
9	Мен өз мүмкіндіктерім туралы не білемін?	1	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Оқушылардың өз мүмкіндіктері мен оларды әртүрлі кәсіппен пайдалану туралы қажетті ақпарат алу. 	
10	Мамандық таңдауда қызығушылықтар мен бейімділік	1	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Қатысушылармен өз қызығушылықтары мен бейімділіктерін зерттеу; ➤ Жүйелі ойлау мен жұмыстағы сабақтастықты орнатуды қалыптастыру. 	
11-12	Темперамент және мамандық таңдау	2	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Темперамент пен мінез туралы теориялық түсінік қалыптастыру; ➤ Өз темпераментін зерттеу; 	

			<ul style="list-style-type: none"> • Диагностикалық материалмен жұмыс дағдысын дамыту. 	
13-14	Ойлау. Өзінің ойлау типін қалай анықтау керек? Ойлауды қалай дамыту керек?	2	<ul style="list-style-type: none"> • Ойлау типін анықтау; • Ойлау дамуы туралы ақпарат қалыптастыру. 	
15-16	Ес. Ес түрлері. Есті қалай жақсарту керек?	2	Басыңқы ес типін анықтау Ес дамуы туралы ақпараттық кеңістік қалыптастыру	
17-18	Зейін. Өз зейінін қалай бағалауға болады? Өз зейінін қалай дамытуға болады?	2	<ul style="list-style-type: none"> • Зейіннің жалпы көлемін анықтау; • Зейін дамуы туралы ақпарат қалыптастыру 	
19-20	Елес. Өзінің елестету деңгейін қалай анықтау керек?	2	Өзінің елестету деңгейін анықтау.	
21	Мінез дегеніміз не?	1	Өз мінезін зерттеу; Мінез ерекшеліктері туралы ақпараттық кеңістік қалыптастыру.	
22	«Менің психологиялық портретім» коллажы	1	• Шығармашылық ізденіс атмосферасын қолдау.	
23-24	Қызығушылықтарым мен мамандық таңдау	2	<ul style="list-style-type: none"> • Қатысушылармен өз қызығушылықтарын зерттеу; • Рефлексия дағдыларын қалыптастыру; • Жүйелі ойлау мен жұмыстағы сабақтастықты орнатуды қалыптастыру 	
25	Икемділік пен кәсіби бағыт	1	<ul style="list-style-type: none"> • Қатысушылардың өз бейімділіктерін зерттеу; • Қарапайым құрал-жабдықтармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. • Шығармашылық ізденіс атмосферасын қолдау 	
26	Тұлғаның кәсіби типі	1	<ul style="list-style-type: none"> • Өзінің кәсіби типін анықтау; • Рефлексияны дамыту; • Қарапайым құрал-жабдықтармен жұмыс жасау дағдыларын 	

			жетілдіру; <ul style="list-style-type: none"> ♣ Жоспарлау мен мақсат қою дағдыларын қалыптастыру. 	
27	Мамандық таңдаудағы қателіктер	1	<ul style="list-style-type: none"> ♣ Мамандық таңдаудағы қателіктерді анықтау; ♣ Рефлексияны дамыту; ♣ Жоспарлау мен мақсат қою дағдыларын қалыптастыру. 	
28-29	Кәсіби дайындық сауалнамасы	2	<ul style="list-style-type: none"> ♣ Оқушылармен кәсіби дайындықты зерттеу; ♣ Ақпараттық кеңістік қалыптастыру 	
30-31	«Кадр мәселесі» кәсіби ойыны	2	<ul style="list-style-type: none"> ♣ Еңбек нарығындағы жаңа мамандықтармен танысу; ♣ Жоспарлау мен мақсат қою дағдыларын қалыптастыру; ♣ Ақпараттық кеңістік қалыптастыру. 	
32	Кәсіпте қалай жетістікке қалай жетуге болады?	1	<ul style="list-style-type: none"> ♣ Ақпараттық кеңістік қалыптастыру; ♣ Рефлексия дағдыларын қалыптастыру; ♣ Адамның жоғары деңгейді қажетсіну түрткілерін дамыту. 	
33	Достардың қолдауы	1	<ul style="list-style-type: none"> ♣ Өзінде жағымды жеке қасиеттерін тәрбиелеуге тарту; ♣ Конструктивті қарым-қатынас дағдыларын дамыту; ♣ Жағымды ойлауды дамыту. 	
34	«Елсіз тренингі арал»	1	<ul style="list-style-type: none"> ♣ Тренинг қатысушыларын біріктіру; ♣ Қарапайым құрал-жабдықтармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; ♣ Жоспарлау мен мақсат қою дағдыларын қалыптастыру. 	



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ

«Сен өскенде кім боласың?», - деген сұрақ үлкендердің кішкентай балаларына қоятын сұрақтардың үздік бестігіне кіреді. Міне, мектеп қабырғасындағы 10 жыл өте шықты, бүгін-ертең мектеп бітірушілер балы, ал сол «Кім болу керек?» деген сауал жастар және ата-аналардың жанын толқытады. Сол кезде қателеспейтіндей қандай мамандықты таңдасам болады деген ой мазалай түседі.

Мамандық таңдауда нені ескеру керек?

Ең бастысы сен болашақ кәсібіңнен нені қалайсың, соны ұғып ал. Қай салада жұмыс істеген қызықты, қандай өмір салтын ұстанасың, жоғары жалақы алу және тағы басқа сұрақтар сен үшін қаншалықты маңызды,.

Әрине, өз қабілеттеріңді ескер. Алгебрадан нашар баға ала отырып, бағдарламашы мамандығын армандамай-ақ қой.

Тағы бір пайдалы зат – кәсіби бағытты анықтауға арналған тесттер. Бұл не? Әдетте, бұл сен келісуіңе немесе келіспеуіңе болатын пікірлер. Бұл тесттерде көптеген пәндер - физика, химия, астрономия, әдебиет бойынша сұрақтар бар. Олар сенің қызығушылықтарыңды, мінез-құлығыңның қырларын, кейде ақыл-ой деңгейін бағалауға көмектеседі.

Кәсіби бағытты анықтауға арналған психологиялық тесттер жинақтардың барлығында кездеседі десе де болады. Сондықтан, сен ол тесттен үйде өз бетінше өте аласың, алайда дұрысы психологпен кеңес уақытында өткен абзал. Ал ең дұрысы 9-сыныптарға арналған «Мамандыққа қадам басу», 10-сыныптарға арналған «Мен және менің мамандығым» арнайы таңдау курсына қатысқан дұрыс.

Осы таңдау курстары дұрыс қорытынды жасап, соның нәтижесінде мамандық таңдауға көмектеседі.

Сонымен қатар, мамандықтың қайсысы қазір, қайсысы 5 жылдан соң сұранысқа ие, сен оқу бітірген кезде сұраныста болатынын сараптап өткен жөн болар. Бірінші жағдайдағы көмекшің ғаламтордан оңайлықпен тауып алатын – жұмысқа орналастыру бойынша сайттар мен газеттер, екінші - әлеуметтанушылар болжамы және өзіннің ақыл-ойың.



Мамандық таңдаудағы негізгі түрткілер

Ең алдымен белгілі бір мамандықты таңдауға әсер ететін жағдайларды екі топқа: ішкі және сыртқы деп бөліп қарастырайық. Сыртқы әсерлер қоршаған ортаның: ата-аналар, достар, құрдастардың пікірлері және сырт көзге көрінерлік жетістікке жетуге деген құмарлық пен түсінбестікке тап боламын-ау деген үрей әсерінен болады. Ішкі әсерлерге тек өзің жауап бересің - оларды тек сенің қабілеттерің, икемділіктерің, әдеттерің мен мінез-құлқың анықтайды.



Бүгінгі таңда жастарды белгілі бір мамандықты таңдауға не итермелейді екен?

Итермелеуші күштің көшбасшысы – кәсіптің мәртебелік деңгейі. Уәждеме жекелей алғанда жаман емес, алайда оның ішінде тұзақ тұрғандай. Біздің заманда экономикалық және заң саласындағы мамандықтар көш бастап тұр. Бірақ, қазірдің өзінде еңбек нарығында есепшілердің, оның ішінде жоғары білімсіз есепшілердің шамадан тыс көп екендігі байқалады. Енді болашақта заңгерлер мен есепшілерге деген сұраныс жағдайы не болатынын ойлай беріңіз. Қорытынды қарапайым: кәсіпті таңдауда мамандық мәртебесі көзімізді тұмандап тастамауы тиіс, кәсіп мәртебесінің деңгейіне сену жөн емес.

Мамандық таңдауға итермелеуші жоғары жалақы екінші орында: кім болып жұмыс істесең де, ең бастысы жақсы еңбекақы алу. Сонда мектепті енді бітірген өрімдей қыздар стрип-барларға биші, ал жас жігіттер солтүстікке жұмысшы болып орналасады. Бірақ, неге тек жоғары жалақы мамандық таңдауға түрткі болуы керек?

Қалыпты жағдайда еңбекақының жоғары болуы санаттың жоғарылауына тікелей байланысты. Әуел бастан жоғары ақы төленетін жұмыста кәсіби өсім болмайды. Бес жылдан соң даяшы мен жаңадан бастап келе жатқан банк қазметкерінің жалақысы теңеседі. Тағы бес жыл өткен соң банк қазметкерінің табысы даяшынікінен бірнеше есе артады.

Мамандықтың ішкі мазмұнына деген қызығушылық, яғни оның ішкі себебі тек үшінші орында орналасқаны өкінішті-ақ. Егер жұмыс сізге қуаныш сыйласа, ол сүйікті ісіңізге айналады да, жұмыс істеу жемісін бере түседі, өзіңізді өзіңіз шыңдай түсесіз. Ал жемісті жұмыс кәсіби өсім мен әріптестеріңіздің құрметіне бөлейді.

Осылай бағдарламалаумен жан-тәнімен шұғылданатын бозбала ақыр сонында өзінің бағдарламалау тілін ойлап табады немесе

бағдарламалық қамтамасыз етуді зерттеу өндірісінің иесі атанады. Оның өкінетін бір ғана жағдайы болады. Ол басшылық қызметте жүріп, сүйікті ісіне ден қоюға уақыты болмайды.



Еңбек жағдайы да мамандық таңдауда өз рөлін атқарады. Жұмыс орнын ауыстыру кей кәсіп түрлерінде еңбек жағдайын да ауыстырады. Мысалы, бір геолог дала жағдайында (шатыр, тайга, үздіксіз іссапарлар), екінші геолог мұнай өндеу зауытында инженер-геолог қызметінде (қала, кеңсе, ешбір іссапарсыз) жұмыс істейді. Олар екеуі де бір факультеттің түлектері.

Тағы бір себебі – оқудың қол жетімділігі. Туған қалаңда, тұрғылықты қалаңда оқу мен ат шаптырым жаққа барып жоғары білім алу – екеуі екі бөлек дүние. Ал егер өзің кішкентай қалада тұрсаң, ондағы барлық мектептен кейінгі білім беру орыннан тек бір ғана колледж болса, таңдау мүмкіндігі де өте аз болмақ.

«МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ»

балаларға қосымша білім берудің оқыту бағдарламасы

Түсінік хат. Бұл бағдарлама 13-16 жастағы оқушыларға, ата-аналар мен педагогтерге арналып, кәсіп таңдауда мәдени көзқарасын тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған. Бағдарламаның негізгі материалдары үйірме жұмысына бағытталған. «Мамандық таңдаймыз» және «кәсіби өзін өзі анықтау» сөз тіркестері бұл бағдарламада синонимдер.



Бағдарламаның жалпы сипаттамасы. Бұл бағдарлама оқушыларда мектепті аяқтау кезеңінде «кәсіпке алғашқы қадамды» жетілдіру түсінігін қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама апта сайын оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер бірігіп, топ болып формалды емес жағдайда психолог-кәсіби бағдарлау кеңесшісі орындайды.

Бағдарламаның мақсаттары және міндеттері.

Бағдарламаның негізгі мақсаты: танымдық белсенділікті, еңбек субъектінің дамуын қамтамасыз ететін жастардың еңбек танымы мен өзін-өзі тануының ішкі (психикалық) реттегіштерін белсендіру.

Әрбір адам еңбекке қабілетін өзінше пайдалануға құқығы бар. Бұл бағдарламада «еңбек еркіндігі» 30 мыңдай түрі бар мамандықтар әлемінде болу деп түсіндіріледі. Ал «еңбекке қабілетін еркін пайдалану» деген өз икемділігі мен қабілеттерін біле тұра оларды мамандық қоятын талаптарды ескеру. Кәсіптану білімі географиялық іліммен туыстас. Егер география сабағын оқыту мектепте ұзақ уақыт алса, кәсіптануға тіпті технология сабағында да көңіл бөлінбейді. Осы себептерге байланысты мамандықты өз бетімен таңдау әр адам үшін қиын, сондықтан психологиялық-кәсіби бағдарлау бойынша кеңес беру көмегін қажетсінеді.

Бағдарламаның міндеттері.

1. Мамандықтар әлеміндегі еңбек туралы ғылыми және практикалық пәндердің мәнін сипаттайтын оқушыларды мамандықтар әлеміне байланысты экономикалық, заңнамалық, психологиялық әдебиеттермен таныстыру.

2. 5125 сипаттаманы қамтитын Халықаралық еңбек ұйымы қабылдаған Мамандықтар әлемі бейнесінің моделімен таныстыру.

3. Әріптік-сандық түрде тіркей алатын күнделікті және еңбек белсенділігінің 53 психологиялық сипаттамасының мазмұнын бірдей меңгеру.

4. Оқушылар меңгерген сипаттамалардың негізінде 240 мамандық пен кәсіпті қамтитын өзінің жекелей мамандықтар әлемінің моделін жасау. Яғни, бағдарлама мамандар жұмысының бақылауын қоса алғанда, кәсіби қызмет туралы дереккөздердің мәтіндік сипаттамасын негізінде кез келген мамандық немесе кәсіп формуласын жасауға мүмкіндік береді.

5. Өзін өзі бақылау жазбаларына сүйенсек, оқушылар өз бетімен мамандық немесе кәсіп формуласын жасап, содан соң оны модульге кіретін мамандық немесе кәсіп формуласын жасауға бейімдірек.

Осылайша, әуел бастан кәсіби таңдау субъектісіне қолайлы жұмыс жобасын өлшеп көреді.

Сабақ нысаны мен кестесі.

Бағдарламаны жүзеге асыру уақыты: 1 жыл. Оқушылар жасы: 13-16 жас. Топтағы балалар саны: 15 адам. Сағат саны: 108 сағат (3 сағаттан аптасына 1 рет). Топқа жинау ерікті түрде.

Жұмыс әдісі. Бағдарламаны жүзеге асыруда келесі әдістер қолданылады:

- әңгімелесу әдісі,
- схемалау әдісі,

- графикалық әдіс,
- моделдеу әдісі,
- бақылау әдісі,
- өзін-өзі бақылау әдісі,
- қызметті саралау әдісі,
- ойға шабу әдісі,
- логикалық салыстыру әдісі,
- құбылысты түсіністікке жеткізу әдісі,
- мамандық пен кәсіпті субъективті бағалау әдісі.

Бағдарламада тест әдісі мүлде қолданылмайды, себебі стандартты жағдай әсерді тежейді, шығармашылық белсенділікті төмендетеді, мамандық таңдаудағы оқушылардың жауапкершілігін жоқ қылады.

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	Кәсіпті өзі анықтау үрдісінің жалпы сипаты мен мамандық таңдаудағы-ауыстырудағы өзіне-өзі көмектесу мүмкіндіктері	6
2.	Мамандық таңдау жағдайы мен оны құрайтын факторлар	6
3.	Кәсіби бағдардағы ата-аналар мен отбасыдағы үлкендердің пікірі	6
4.	Кәсіби болашақ туралы түсінік қалыптастыруда мұғалімдер мен тағы да басқа әлеуметтік маңызы бар тұлғалардың пікірі	6
5.	Кәсіп таңдаудағы субъектінің кәсіби ниеттері туралы құрбы-құрдастарының пікірі, жолдастарының ойы	6
6.	Адамның икемділігі кәсіби тағдыр анықтағышы ретінде	6
7.	Адам мүмкіндіктері өмірдегі шынайы жетістіктерінің көрсеткіші ретінде	6
8.	Қоғамдық мойындау үшін талап деңгейі мен оның кәсіби біліммен байланысы туралы	6
9.	Жалпы мамандықтар әлемі туралы және оның ішінде таңдаған мамандығы ақпараттану деңгейі	36
10.	Жеке кәсіби жоспарлары мен оған жету жолдары	24
	Барлығы	108

«Кәсіби өзін өзі анықтау» қосымша білім берудің түрлендірілген оқыту бағдарламасы

Түсінік хат. Қазіргі заманғы кадрлардың кәсіби дайындығына деген талаптар бұрынғыдан да жоғары, жастарға кәсіби бағдарлау мәселелері белсендірілуде. Жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жасайтын педагогтердің негізгі бағытының бірі – кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізу, кәсіби өзін өзі анықтауға дайындау. Мамандық

таңдауға дайын болу - біріншіден, кәсіби қызығушылықтарын анықтау мен таңдаудың маңыздылығын іштей сезіну, екіншіден, – баланың өз қабілеттерін білуі, мамандықтың адамға қоятын физикалық және психологиялық талаптарын түсінуі.

Осыған байланысты, тек диагностикалық әдістер ғана маңызды рөл атқармайды, сонымен бірге оқушының икемділігі анықталатын психологиялық түзеу әдісі де маңызды. «Кәсіпті таңдау жолы» бағдарламасының ерекшелігі – оны жүргізу әдістемесі. Бағдарламада дәстүрлі әдістер – тест, дәріс, жағдаят, сонымен қатар интелективті әдістер – топтық пікірталас, рөлдік ойын, ойға шабуыл тағы басқалары қолданылады.

Бағдарлама 11 сынып оқушыларына арнап жасалған. Бағыты - әлеуметтік-педагогикалық.

Бағдарламаның мақсаты: әлеуметтік-кәсіби бейімделу және жастармен ағарту жұмысы.

Бағдарламаның міндеттері:

- жеке ерекшеліктер, қабілеттер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, әрі қарай білім алу жолына қажетті білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;

- баланың өз әлемі және мамандықтар әлемі туралы білім алу қызметін арнайы ұйымдастыру есебінен оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісін белсендіру;

- заманауи экономикалық жағдайда оқушылардың кәсіби бейімделуін дамыту.

Бағдарлама сабақтары 1 жыл ішінде жүргізіледі, сағат саны – 36.

Сабақ нысаны мен кестесі. Сабақтар дамытушы ойындар мен жаттығулар, өзін-өзі тану тренингтері, дәріс, талқылау мен жеке сабақ түрінде аптасына бір рет бір сағаттан өткізіледі.

Күтілетін нәтиже. Оқушы:

- өзін-өзі кәсіби анықтау мәнін түсінуге;
- жеке кәсіби жоспар талаптарын құруға талаптар;
- мамандық таңдау ережелері;
- мамандық пен кәсіби қызмет, лауазымдық өсу туралы түсінік, еңбекті ұйымдастырудың заманауи нысандары мен әдістері;

- кәсіби білім алу жолдары туралы мәліметтерді қолдана білуге міндетті.

Оқушы жасай алуға міндетті:

- жеке өз ерекшеліктерін нақты бір мамандық талаптарымен салыстыруға;

- жеке кәсіби жоспар жасап оны жедел өзгертуге;

- мамандықтар кестесін саралауға;

- жалпы сипаттары бойынша кәсіби қызмет туралы ақпарат алуға;

- кәсіби білім алу жолдарын пайдалануға.

Мамандық таңдаудағы негізгі түрткілер:

- түрткілердің негізгі теорияларын талдау;
- «Мамандық таңдаудағы негізгі түрткілер қандай» топтық пікірталасы;

- «Түрткіні анықтау» (Е.Головахи әдісі бойынша);

- «Мансап - Іс, Мен өзгемін» жаттығуы;

- жұмыс нәтижелерін талқылау, рефлексия.

Кәсіби жоспар:

- «кәсіби жоспар» түсінігі. Жоспар құру негіздері;

- «Аукцион» жаттығуы;

- жұмыс нәтижелерін талқылау, рефлексия.

Икемділік пен кәсіби бағыт:

- икемділік, дағды, білік түсінігі;

- «Тұлға бағыты» сауалнамасы;

- «Мен қандаймын?» жаттығуы;

- топтық пікірталас.

Тұлғаның кәсіби типі:

- Нағыз маманның негізгі қасиеттерін талқылау;

- «Тұлға типі мен мамандық салыстырмасы» топтағы жұмыс;

- «Акулалар и дельфиндер» жаттығуы;

- Тестілеу («Кейрси әдісі»).

Кәсіп кестесі:

- «профессиограмма» мен «психограмма» түсініктерімен танысу;

- топтағы жұмыс – миға шабуыл арқылы профессиограмма құру;

- алынған профессиограммаларды топта талқылау;

Мамандыққа қатысты медициналық қарсы көрсеткіштер:

- Мамандыққа қатысты негізгі медициналық қарсы көрсеткіштер;

- «кәсіпке жарамдық» түсінігімен танысу;

- «Медициналық қарсы көрсеткіштерге қарсы келу» пікірталасы.

Шешім қабылдау алгоритмі:

- шешім қабылдау технологиясы: негізгі мақсаттар, түрткілер мен міндеттер;

- «Иә және жоқ» жаттығуы;

Өзін-өзі бағалау және өзін-өзі тәрбиелеу:

- тақырыптың негізгі түсініктерімен танысу;

- топтық пікірталас;

- тестілеу.

Табиғи алғышарттар:

- мінез және темперамент;

- күшті және әлсіз жүйке жүйесі туралы түсінік;

- жүйке жүйесі типтерінің өзара байланысы мен белгілі бір мамандықтарға көрсеткіштері.

Мамандық таңдаудағы оқушылардың жіберетін қателіктер.

Бірінші сабақ:

- мамандық таңдаудағы оқушылардың негізгі қателіктерімен танысу;

- «Мамандық таңдау туралы отбасындағы үлкендердің, мұғалімдер мен достардың пікірі» тренингтік жаттығуы;

- топтық талқылау.

Екінші сабақ:

- мамандық таңдауда жағдайлары мен шарттардың арақатынасы.

- «Тышқанаулағыш» жаттығуы;

- пікірталас.

Үшінші сабақ:

- «Мамандық мәртебесінің кәсіби өзін өзі анықтауына әсері» тренингтік жаттығуы;

- топтық талқылау.

Адам және мамандық:

- «Сен және сенің мамандығың» жаттығуы;

- «Болу және/немесе болған болып көріну» жаттығуы;

- түйіндеме мен әңгімелесу;

- топтық талқылау.

Өзін-өзі бағалау мен кәсіби талаптар арақатынасы:

- «Эстафета» жаттығуы;

- «Жеке аймақ» жаттығуы;

- өзінмен бірге болатын визит карточкасы;

- «Қатемен жұмыс» жаттығуы.

Профессиограмма және психограмма

- қызықты мамандықтар профессиограммаларымен танысу;

- талқылау.

Жекелей психограмма құру:

- өткізілген тесттер мен әдістер қорытындыларын салыстыру;

- жеке қырларын зерттеуге бағытталған қосымша әдістерді қолдану;

- жеке психограмма құру;

- алынған нәтижелерді талқылау, оларды күтілген нәтижелермен салыстыру.

«Мамандық» жобасын қорғау.

- Жеке жобаларды қорғау.

Қорытынды жасау.

- топтық рефлексия;

- талқылау.

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақ тақырыбы	Жұмыс нысаны	Сағат саны
Теория		Практика	
1	Кіріспе. Танысу	Тренингтік сабақ	1
Мамандық таңдау шарттары			
2-3	Тұлға қасиеттері мен кәсіби қызмет	Интерактивті дәріс, тестілеу	2
4-5	Мамандықтар нарығы мен жіктелуі	Семинар-тренинг, тестілеу	2
6-7	Мамандық таңдаудағы негізгі түркі	Тренингтік сабақ	2
8-9	Кәсіби жоспар. («Мамандық таңдаудағы түрткілер» әдісін қолдана отырып)	Дәріс, тестілеу, талқылау	2
Мамандықтың адамға қоятын талатары			
10-11	Кәсіби бағыты мен икемділігі	Семинар-тренинг, тестілеу	2
12-13	Тұлғаның кәсіби типі	Интерактивті дәріс, тестілеу	2
14-15	Мамандықтар кестесі. Тренинг-сабақ (ойға шабуыл арқылы мамандықтар кестесін құрастыру)	Кооперативтік оқыту топтарындағы жұмыс	2
16	Мамандықтарға қарсы медициналық көрсеткіштер. Кәсіби жарамдылық.	Дәріс	1
17-18	Шешім қабылдау алгоритмі.	Дәріс, талқылау, тренингтік сабақ	2
19-20	Өзін-өзі бағалау мен тәрбиелеу	Топтық пікірталас, жекелей тестілеу	2
21	Табиғи алғышарттар	Семинар-тренинг	2
Мамандық таңдаудағы оқушылардың жиі жасайтын қателіктері			
22	Мамандық таңдаудағы отбасындағы үлкендердің, мұғалімдер мен достардың пікірі	Тренинг, Топтық талқылау	2
23	Таңдау жағдайындағы шарттар арақатынасы	Тренинг	2

Әдістемелік қамтамасыз ету. Осы бағдарлама бойынша сәтті жұмыс жасау үшін алдын ала қолданылатын әдіс-тәсілдермен танысу керек.

Шеңбер. Шеңбер әрбір оқушыны пікірталасқа қосуға, топтық ынтымақтастыққа, сенімділікке жетуге көмектеседі. Сабақтардың көбісі шеңберде басталып, шеңберде аяқталады, ол қатысушылардың барлығына сабақ тақырыбын ширатуға, бағалауға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде педагогтерге аралық жетістіктер деңгейін анықтауға, кемшіліктерді көріп түзетуге үлесін қосады.

Тренингтік сабақтар. Үйірме жұмысына өзін-өзі диагностикалау, рөлдік ойындар, жаттығулар элементтері бар тренингтік сабақтар қосылған, олар мамандық таңдауға нақты қадам жасауға психологиялық дайындық жасауға, кәсіби жетістігін жоспарлау дағдысын дамытуға бағытталған. Сонымен бірге тренингтік сабақтар оқушыларға алған білімдерін іс жүзінде қолдануға көмектеседі.

Тестілеу. Бағдарламада қолданылатын тест материалдары топтың курсқа дейінгі және курстан кейінгі деңгейін анықтап қана қоймай, бар білімін бекітеді, маңызды қосымша ақпарат береді. Тест материалдары жеке дәптерледе тіркеледі, курс аяқталған соң әрбір оқушының өзінше бір «мәліметтер қоры» болады. Бұл материал түлек үшін тек көрнекі құрал емес, педагогтың оқушымен ары қарай қалай жұмыс жасау керектігінің көрсеткіші.

Топтық пікірталас. Психологтың басшылығымен оқушылардың қарым-қатынас жасауын ұйымдастыру. Топтық пікірталас өз тәжірибесі мен біліміне негіздеп, өз ойын айтуды қарастырады. Топтық пікірталас оқушыларға мәселені жан-жақты қарастыруға, жұмыс тиімділігін арттыруға, әрбір баланың жеке көзқарасын білуге мүмкіндіктер береді.

Кооперативті оқыту (КО). Кооперативті оқыту – кішігірім 2-6 адамдық топтарда оқыту әдісі, онда оқушылар ортақ мәселені бірігіп шешеді. Кооперативті оқытуды ұйымдастыру кезінде келесі процедураларды негізге алу қажет: қатысушыларды біріктіріп, бетпелік отыруларын сұраңыз. Топ қатысушылары арасында рөлдерді үлестіріп қойыңыз (баяндаушы, пікірталас басшысы, хатшы, безендіруші және т.б.). Бір-бірімен ақпарат, материал, идеямен бөлісіп, түсінбестіктерді бір-біріне түсіндіріп, мәселені анықтап, қорытынды жасап отыру керектігін айтып бәріне ортақ бір тапсырма беріңіз. Кейін топ жұмысын бағалаңыз.

Миға шабуыл. Миға шабуыл көптеген идеяларды жылдам түрлендіруге ғана мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, психологқа қатысушылардың барлығын жұмысқа қосуға, мәселелерді ерікті әрі еркін талқылауға, оқушылардың білім деңгейі мен қызығушылықтарын анықтауға да үлес қосады. Жиналған идеялар педагог үшін мәселе

төңірегінде тереңірек жұмыс жасауға, оның ішінде топтық пікірталас ұйымдастыруға негіз болады. Қажет жағдайда жүргізуші миға шабуылдың кілт идеяларын айтып өте алады.

Рефлексия. Курстың көптеген тапсырмалары рефлексия техникасын қолдануды қарастырады. Бұл техниканы икемді қолдануға болады: бір тапсырмаларды ол оқушыларға өз көзқарасы төңірегінде ойлануға, қорғашан адамдармен ой бөлісуге мүмкіндік берсе, басқа тапсырмаларда тапсырманы топпен бағалау құралы болады. Рефлексия қабылданған ақпаратты қорытуға, алған білімдерін қайда және қалай пайдалануға болатындығын ойластыруға үлес қосады. Рефлексия жүргізушімен қарым-қатынас орнатады. Қарым-қатынас орнату мақсатымен 3 түрлі рефлексиялық сұрақ қойылады: тапсырма мазмұны туралы; тапсырма орындау барысында топтағы қарым-қатынас туралы; әрбір қатысушы не біліп, не сезінгендігі туралы.

Мектептегі кәсіби өзін өзі анықтау

(Солтүстік Қазақстан облысының Красноярск негізгі мектебінің директоры О.В. Михайлованың тәжірибесінен)
(«Жасөспірімдерді ерте кәсіби бағдарлау» бағдарламасын енгізу аясында «Жастардың жетістіктері» ҚҚ) «Балама білім беру орталығы» (ББО)

Өз жолын дұрыс тапқан адамға
шынайы тектілік келеді.
Қазақ халқының мақалы.

Кәсіби оқыту және 12 жылдық білім беруге көшуге байланысты біз жыл бойы мектепте ерте кәсіби бағдарлау бойынша жұмыс жүргізілді.

«Жастардың жетістіктері» ББО «Жасөспірімдерді ерте кәсіби бағдарлау» жобасы аясында біздің мектепке «Кәсіби өзін өзі анықтау» курсының бағдарламасы беріліп отыр.

9 сыныпқа арналған оқу–әдістемелік топтама екі жұмыс дәптерінен тұрады (1 және 2 бөлім), мұғалімге арналған оқу–әдістемелік құрал, электронды оқу құралы, тесттер, бастауыш және орта кәсіби орындарға оқуға түсушілерге арналған анықтамалық.

Курстың мақсаты оқушыларда мамандық таңдауда жеке және кәсіби тұрғыда өзін өзі анықтаудың негіздерін қалыптастыру.

